

Мәдина Әлімханова

ЖУРНАЛИСТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Алматы 2021

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01
Ә 50

Ә 50 **Әлімханова М. «Журналист қауіпсіздігі». Алматы, «Әділ сөз»,
2021 г. 95 бет.**

Кітапты «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қоры мен Қазақстан Журналистер одағы бірігіп Қазақстандағы Конрад Аденауэр қорының қаржылық қолдауымен шығарды.

Бұл кітаптың мазмұны автордың көзқарасын көрсетеді және Конрад Аденауэр қорының көзқарасымен сәйкес келмейді.

ISBN 978–601–06–7975–7

Журналист төтенше жағдай туралы жазғанда өз қауіпсіздігі туралы не ойлайды? Журналист үшін төтенше жағдай тек митинг, жалғыз адамдық пикет, құқық қорғау органдарының арнайы операциясы немесе табиғи төтенше жағдай болуы мүмкін. Сот отырысы, киім базарынан репортаж немесе мемлекеттік ұйымның кеңсесіне бару, тіпті қауіпсіз болып көрінетін сұхбат т.б. кез-келген нәрсе қауіпті болуы ықтимал.

Журналистерге физикалық шабуыл жасалуы, олар сотқа тартылуы, негізсіз ұсталуы немесе қауіпті ауру жұқтырып ауырып қалуы мүмкін. Бұл дегеніміз – журналист үнемі тәуекел аймағында жүреді. Практикалық кеңестерді айтпағанның өзінде, негізгі теориялық білім бостандықты, беделді, ақшаны, денсаулықты және тіпті өмірді сақтауға көмектеседі.

«Журналист қауіпсіздігі» – бұл кәсіби міндетті атқара отырып, қалай тірі қалуға, аман-сау болуға, өркендеуге және заңмен қорғалуға болатындығы туралы кітап.

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01

ISBN 978–601–06–7975–7

© «Әділ сөз» сөз бостандығын
қорғау халықаралық қоры, 2021
© Конрад Аденауэр қоры, 2021

МАЗМҰНЫ:

Алғы сөз	4
Көпшілік шаралар	5
Мен сізден кідіре тұруды сұраймын... ..	14
Қоқан–лоқы	22
Шабуылдар	25
Пандемиядан пандемияға дейін	33
Құрметті сот	40
Абайсыз сөздер	45
Экологиялық зілзалалар және өзге де апаттар	51
Қолжетімсіз ақпарат	59
Тым қолжетімді ақпарат	67
Біз кодексті құрметтеуіміз керек... ..	78
Түйін	93



АЛҒЫ СӨЗ


Журналист білімге, әділеттілікке құштар кез-келген азаматтар сияқты аяқ астынан түрлі жағдайға тап болып жатады. Журналист мамандығына байланысты ықтимал қауіпті жағдайға душар болуы мүмкін. Ештеңені жоққа шығаруға болмайды және бәрін болжау мүмкін емес. Ықтимал тәуекелдерге назар аудару керек, ал қалғанын бос уақытта әркім өзі үшін оқуға болады. Сонымен қатар, барлық ықтимал қауіпті жағдайлар кәсіби қызметпен тікелей байланысты емес.

Кітапта «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау Халықаралық қорының сөз бостандығын бұзу мониторингінде жарияланған фактілер пайдаланылды.

КӨПШІЛІК ШАРАЛАР

Бұқаралық іс-шаралардан хабар таратудағы ең үлкен қауіп – жиналған көпшілік. Көпшілік митингтерде, әсіресе рұқсат етілмеген митингтерге ғана жиналмайды. Оқыс жағдай концерт немесе спорттық іс-шараларда да болуы мүмкін. Жиналғандар судың қатты ағынына ұқсас, олар өзімен бірге көтеріп алып, ағызып әкетуі мүмкін. Журналистің ерекше белгілері (кеудеше, қолға тағатын таңғыш, редакциялық куәлік) мұндайда *Бұқаралық шараларға барарда алдын ала дайындық қажет.* көмектеспейді.

Бұқаралық шараларға барарда алдын ала дайындық қажет. Күтпеген жағдай орын алса, оған дайындалуға кеш болады. Ең алдымен киімді дұрыс таңдау керек. Әйел журналистер кадрда керемет көрінгісі келетіні анық, бірақ биік өкшелі аяқ киім мен шарф, моншақ т.б. әшекей заттарды басқа жағдайға таққан дұрыс. Интернеттен спорттық киім кюге қатысты кеңестерді оқуға болады, бірақ бұл әрқашан сәйкес келе бермей-



ді. Искерлік тіпті сәнді стиль мен сіздің қауіпсіздігіңіз арасындағы тепе–теңдікті таба білген жөн. Киімнің етек–жеңі ұзын ұстап, тартып қалуға ыңғайлы сүйретілген болмауы керек. Егер ол тартқанда жыртылса жақсы, матасы күшті болса күрделі мәселелерге мысалы, құлап, жарақат алуға соқтырады. Қолыңызда орамал, бірнеше медициналық бетперде, телефон, редакциялық анықтама, дәрі–дәрмек (мысалы, созылмалы аурулар болған кезде) салуға болатын қалта болғаны дұрыс. Құжаттарды артқы қалтаға (бұқаралық іс–шара кезінде ғана емес) ешқашан салуға болмайды. Аяқ–киім ыңғайлы болғаны жөн, биік өкшелі платформа кимеңіз. Егер ол баумен болса, ыңғайсыз сәтте шешілмеуі үшін жақсылап байлаңыз. Өзіңізбен бірге алған сәмкеңіздің аспасы ұзын болмауы керек және оған құнды заттарды салмағаныңыз жөн.

Көпшіліктің «көтере» алуының көптеген себептері бар. Митинг стихиялы шеруге айналуы мүмкін, стадиондағы концерт кезінде жаңбыр жаууы немесе қала сыртындағы концерттен кейін көрермендер алдымен автобуска бірінші отыруға асығуы ықтимал. Келесі күні таңертең күн басқаша басталуы мүмкін және т.б.

Ең бастысы – көпшіліктің ортасында қалмау. Журналистика тұрғысынан бұл ең қолайсыз және пайдасыз жер. Онда суретке түсіру (кадрдан өте алыс) мүмкін емес, ешкім түсініктеме бермейді. Ол жерде тілші де, оператор да, фотограф та жұмыс істей алмайды.

Ең бастысы – көпшіліктің ортасында қалмау

Көпшіліктен неғұрлым алыс тұрсаңыз өтіп жатқан шараны соғұрлым жақсы көруге болады. Қандай да бір биіктеу жерде оқшаулау тұрып, жағдайды бақылау ең тиімді орын саналады. Көше шамдарының бағандарына немесе ағашқа өрмелеуге болмайды. Құлаған жағдайда ауыр жарақаттарға соқтыруы мүмкін.

Егер сіз әлі де адам ағынының ортасында болсаңыз, ең бастысы – құлап қалмаңыз. Құласаңыз таптап кетеді. Ал тұрғандар жан–жағын қиратуы мүмкін. Мұндайда мүмкіндігінше, арық әрі аласа бойлы адамдар арасында болуға тырысу керек. Кеудеңізді қыспау үшін шынтағыңызды аздап жинаңыз. Егер жиналғандар тоқтаса, барлық бұлшық еттеріңізді мүмкіндігінше қысуыңыз керек. Барлық жағынан

қысым күшейген кезде, бұлшық еттерді босаңсытуға болады, бұл дем алуға мүмкіндік береді.

Көпшілік арасында судағыдай ең күшті ағыс ортасында болады. Ол шетіне қарай біршама әлсірейді. Сондықтан мүмкіндігінше шетке ығысу қажет. Бұл мүмкіндігінше тезірек жасалуы керек. Жиналғандар «тығырыққа тірелгенде» немесе қандай да бір кедергіге тап болғанда, бірінші жүретіндер ең көп зардап шегеді – олар тоқтайды, ал артта келе жатқандар итеруді жалғастырады.

Тар жолда (мысалы, тұраққа қойылған көліктерге толы тар көшеде) көпшіліктің шетіндегілерді жақын қабырғаға немесе дүкен терезесіне «қысып» кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда шетінен екінші немесе үшінші болу қауіпсіз. Аман қалу ықтималдығы жоғары.

Егер көпшіліктің арасында құлап қалсаңыз, онда сіз төрт аяғыңызға тұруыңыз мүмкін. Бұл тиімді әдіс емес. Басыңызды қолыңызбен жауып, тізеңізді иегіңізге қарай тартып, аяқтарыңыздың күшін қолдана отырып, серпіліп тұрған дұрыс болады.

Мұның бәрі көшедегі халықтың қозғалысына қатысты. Бірақ ғимарат ішінде бастырылуы ықтимал. Бұл жерде тағы бір қауіп – дүрбелең тууы мүмкін. Егер бұл ашық стадион болса, онда ең қауіпсіз жер – алаңның ортасында. Жиналғандар шығуға асығады, ал дүрбелең басылғанда аман–есен шығуға, не құтқарушылардың көмегін күтуге болады. Ал жабық ғимаратта қиынырақ.

Өрт немесе жер сілкінісі жағдайында шатыр құлап кетуі мүмкін, сонымен қатар тұншығу қаупі бар. Сондықтан, бұл жағдайдан шығуға мүмкіндігінше жақын болу керек. Біріншіден, бұл бірінші шығу мүмкіндігі. Екіншіден, жағымсыз көрінсе де, бұл ең сәтті кадрларды – ғимараттан шыққан адамдарды түсіруге мүмкіндік береді. Бұқаралық іс–шаралар кезінде журналистер үшін баспасөз орталығы жиі ұйымдастырылады. Әдетте, ол залдың ортасында орналасқан, одан шығу қиын болады. Тәжірибелі журналистер дыбысты баспасөз орталығынан емес, динамиктерден жазу әлдеқайда жақсы екенін біледі. Динамиктер есікке жақын орналасады, әдетте шығуға жақын.

Медициналық маскалардың пайдасы туралы. Кез–келген пандемия ерте ме, кеш пе аяқталады, бірақ маскалар одан пайдасыз болып

қалмайды. Егер жиналғандарға біреу кенеттен бұрыш спрейін шашса немесе өрт басталса, шарфты бетіне басу екі медициналық маска кию сияқты ыңғайлы емес. Олар, әрине, толықтай қорғамайды (орамал сияқты), бірақ қол бос болады. Шарфтан айырмашылығы, маска ештеңеге жабыспайды.

Әдетте, көпшіліктің арасында қалай қорғану керектігін жазғанда, заңды аспектіні ұмытады. Оқиға құжатталмаған. Істі тек сөзбен дәлелдей алмайсыз, ал куәгерлерді іздеу – қиын әрі оңайға соқпайды.

Көпшілік қатысқан шара кезінде кез–келген адамды тонап кету өте оңай. Әсіресе журналисті өйткені, кез–келген журналист репортаж кезінде өз мүлкін сақтаудан гөрі жұмысымен әуре болып кетеді.

Кейде жәбірленуші адам қарасы азырақ, мысалы, автобуста ұрыны ұстап алса да жеке заттарды қайтару өте қиын болады. Журналист митингте немесе концертте әмиянның, қымбат смартфонның немесе басқа техниканың жоғалғанын ұрылардың ізі суыған соң жарты сағаттан, тіпті бір сағаттан кейін байқауы мүмкін. Мұндай

Көпшілік қатысқан шара кезінде кез–келген адамды тонап кету өте оңай

іс–шараларға полиция қатысқанымен, олар оқиға орнына жетуі керек (мысалы, залдың ортасынан) және мүлде басқа тапсырмаларды қоғамдық тәртіпті қадағалаумен айналысады. Бұл полицейлер ұрыларды ұстауға асықпайды. Олар басқа қызметкерлерді шақыратынын айтады және бұл уақытты қажет етеді.

Маңызды нәрсе егер осыған қарамастан, қалта ұрлығы ұсталса, онда ұрланған өз затыңызды қандай да бір жолмен анықтау қажет. Сондықтан телефонның IMEI, құрал–жабдықтың сериялық нөмірін, кейбір арнайы белгілерді – чиптер, сызаттар және т.б. білу қажет болады. Кішкене жапсырманы көзге көрінбейтін жерге, мысалы, батареяның астына жабыстыруға болады. Өзіңізбен бірге банкке қоңырау шалып, картаны блоктауға болатын қосалқы арзан телефонды алып жүріңіз. Банктің телефон нөмірін телефон жадында сақтау жақсы.

Егер жаппай бұқаралық іс–шарадан хабар тарату кезінде сізді тонап кеткенін білсеңіз, полицияға хабарлаңыз. Иә, ұрлықты анықтаудың

100% көрсеткіші жоқ, бірақ бұл сіздің мүлікті қайтарып алу мүмкіндігі, оны жіберіп алмауыңыз керек.

Оқиға орнына полиция шақыруға болады, немесе сіз аудандық полиция бөліміне барып, сол жерде арыз жаза аласыз.

Өтініш – әдеби жанр емес, сондықтан онда маңызды фактілер ғана сипатталуы керек. Болжам мен тұспал тек біреуден күдіктенгенде ғана маңызды. Мұндай жағдайда күдіктенген адамды егжей –тегжейлі сипаттау керек.

Сонымен, өтініште мыналар көрсетілуі керек:

– Кімге. Өтініш жіберілетін адамның лауазымы мен тегі. Әдетте, бұл РОВД бастығы, оның атын интернеттен, баспасөз қызметінен табуға болады немесе хаттаманы толтыратын полиция қызметкерінен сұраңыз – ол біледі)

– Кімнен. Сіздің тегіңіз, атыңыз, әкеңіздің аты, тұрғылықты мекен –жайы, телефоны.

– Тақырып. Бір ғана нұсқа бар – Арыз.

– Қылмыстың орны мен уақыты. Егер нақты уақыты белгісіз болса, онда сіз шамамен мысалы, 11.00–ден 11.30–ға дейінгі аралықты, сондай–ақ қайда және не үшін болғаныңыз көрсетілуі керек.

– Ұрланған заттың сериялық нөмірі, айрықша белгілері. Мысалы, ұрланған телефонның қанша тұратыны есіңізде болмаса, онда оның құнын көрсетуге асықпауыңыз керек. Чектерді қосымша беретіндігіңізді немесе қазіргі уақытта мұндай жабдықтың орташа бағасы қанша екенін жазған дұрыс. Бұл оның шағын ұрлыққа жататынын немесе жатпайтынын анықтауға көмектеседі.

– Күдік. Егер күдікті болса, онда оған егжей–тегжейлі сипаттама беруіңіз керек. Бұл адамнан неге күдіктенесіз? Ол сіз редакциядан шыққаннан қасыңызда жүрді, кейін жоқ болды, кейін әмиян (телефон, диктофон, т.б.) жоқ екенін білдіңіз?

– Куәгерлер. Олардың атын, тегін, телефонын, мекен–жайын көрсету.

– Не сұрап тұрсыз? Ұрлыққа қатысты сотқа дейінгі тергеуді бастауды және ұрланған тауарларды сізге қайтаруды сұрайсыз. Сонымен қатар, тергеу барысы туралы хабардар болуды және сіздің өтінішіңіз тіркелген нөмірді беруді сұрайсыз.

Болашақта тағы қандай құжаттар қажет болады? Полицияға түбіртектердің көшірмелерін, жабдықтардың техникалық паспорттарын, фотосуреттерді (егер олар болса) беруге болады. Егер түбіртектер болмаса, онда ұқсас жабдықтың бағасы көрсетілген прејскуранттарды басып шығару.

Міндетті түрде анықтаушының немесе тергеушінің аты мен телефонын біліп, онымен үнемі байланыста болыңыз.

Егер журналист бұқаралық шарада ұйымдастырушылардың кінәсінен жарақат алса, онда медициналық көмек алудан бас тартпауыңыз керек

Егер журналист бұқаралық шарада ұйымдастырушылардың кінәсінен жарақат алса (мысалы, өрт болған жағдайда), онда медициналық көмек алудан бас тартпауыңыз керек. Жедел жәрдемнің парағы денсаулыққа келтірілген зиянды растайтын алғашқы құжат болады. Осыдан кейін сіз медициналық сараптамадан өтуіңіз керек.

Айтпақшы, сізге еңбек келісім–шартыңызды алдын ала зерделеу жақсы болады. Онда қызметкері өз міндеттерін орындау кезінде зардап шеккен болса, редактордың не істеу керектігі көрсетілген. Бірақ мұндай тармақ болмаса Еңбек кодексі жұмыс берушіні жұмыс орнында зардап шеккен қызметкердің емделуіне ақы төлеуге міндеттейді.

Емдеу шығындарын өтеу үшін алдымен жұмыс істейтін ұйымның бірінші басшысының атына өтініш жаза аласыз. Егер ол жақсы нәтиже бермесе, онда сотқа жүгіну керек.

Сонымен, адамдар көп жиналған жерде қалай жұмыс істеу керек?

- Киімді дұрыс таңдаңыз;
- Өзіңізбен бірге қажеттінің барлығын алғаныңызды, артық заттардың үйде (редакцияда) қалғанын тексеріңіз;
- Егер іс–шара ғимаратта өтіп жатса, далаға шығатын жақын жолдар қайда орналасқанын анықтаңыз;
- Егер оқиға көшеде болса, ең қауіпсіз жерлерді байқаңыз;
- Техникаңыздың айрықша белгілері мен сериялық нөмірлері және

сіздің шотыңыз бар банктің телефондарын есте сақтаңыз немесе жазып алыңыз (телефонға емес!);

– Іс-шараның соңында ақша, құжаттар, телефон және т. б. заттардың орнында бар– жоғын тексеріңіз.

–Егер бірдеңе жоғалып кетсе, полицияға хабарласыңыз.

Заң не дейді?

Еңбек кодексі. 122–бап. Жұмыскердің өміріне және (немесе) денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің материалдық жауаптылығы

1. Жұмыскердің еңбек міндеттерін орындауына байланысты оның өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілген кезде жұмыс беруші зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көлемде және тәртіппен өтеуге міндетті.
2. Осы баптың 3–тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, осы баптың 1–тармағында көзделген зиян жұмыскердің сақтандыру төлемдері болмаған кезде толық көлемде өтеледі. Сақтандыру төлемдері болған кезде жұмыс беруші жұмыскерге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтеуге міндетті.
3. Жұмыскерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың бестен жиырма тоғызға дейінгі пайызды қоса алғандағы дәрежесін белгілеумен байланысты зиян келтірілген кезде, жұмыс беруші жұмыскерге жоғалтылған табысын және денсаулығының зақымдануынан туындаған шығыстарды өтеуге міндетті.

Еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеу кезеңінде денсаулықтың зақымдануынан туындаған, жұмыс беруші өтейтін шығыстардың мөлшері төлем төленетін кезде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Денсаулықтың зақымдануынан туындаған шығыстарды өтеу бойынша төлем осы шығыстарды шеккен жұмыскер не тұлға ұсынған, осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау сала-

сындағы заңнамасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық көмекке жұмсала-тын шығыстар өтелуге жатпайды.

Қылмыстық кодекстің 188-бабының 4-және 5-ші ұрлықтары

1. Ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

2) алып тасталды – ҚР 21.01.2019 № 217–VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды – ҚР 27.12.2019 № 292–VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

4) ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не телекоммуникациялар желісі бойынша берілетін ақпаратты өзгерту жолымен жасалған ұрлық –

мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Мынадай:

1) ірі мөлшерде;

2) бірнеше рет;

3) тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасалған ұрлық –

мүлкі тәркіленіп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бо-

стандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Мынадай:

- 1) қылмыстық топ жасаған;
- 2) мұнай–газ құбырынан;
- 3) аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық –

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



МЕН СІЗДЕН КІДІРЕ ТҰРУДЫ СҰРАЙМЫН...

Теориялық тұрғыдан, тек заңды негізде азаматтарды ұстауға құқық қорғау органдары құқылы. Бірақ ерекше жағдайлар бар. Мысалы, «азаматтық ұстау» деп аталады. Қылмыстың куәгерлері күдіктіні полицияның қолына беру үшін оны өз бетінше ұстай алады. Бірақ бұл үшін олардың нақты себептері болуы керек. Мысалы, өтіп бара жатқан адам ұрлықтың, төбелестің, адам ұрлау әрекетінің, жол көлік оқиғасының және т. б. жағдайлардың куәгері болуы керек. Мұндай жағдайда заңды бұзған адамды ұстауға болады. Шағын компания директоры орынбасарының N42 бұйрығы заң емес. Күзет бастығының бұйрығы да емес. Егер журналист оқиғаны жариялауға келсе, ал бұл біреуге ұнамаса ешкімге тілші немесе операторды полиция келгенше ұстап тұруға құқық бермейді. Айтпақшы, журналистерді көргенде, кішігірім бастықтар: «Мен қазір полиция шақырамын!» –

деп айқайлай бастайтын жағдайлар жиі кездеседі. Олар не үшін бұлай айқайлайды? Егер тілшілер күзетілетін объектіге «өтіп» кетсе, жеке аумаққа рұқсатсыз кірсе, онда мұны әлі де түсінуге болады. Егер олар сыртта тұрса немесе олар үшін қоғамдық маңызы бар жағдайға кім түсініктеме бере алатынын білгісі келсе (әсіресе, кез-келген адамға рұқсат етілген ұйымда – емханада, Халыққа қызмет көрсету орталығында және т.б.). «Шұғыл келіңіз, мұнда журналистер бар!» деп полиция шақыру артық.

Айтпақшы, мұндай оқиға жақында орын алды. Бұл 2021 жылы 14 сәуірде Петропавлда болды. «Хабар» телеарнасының түсіру тобы қаладағы емханалардың біріне «ковид» деп аталатын жәрдемақыны төлеу жағдайын реттеу үшін келді. Бас дәрігердің міндетін атқарушы журналистерге түсініктеме берудің, жағдайды түсіндірудің орнына полицияға хабарласқан. Қоңырау шалудың себебі – аурухана ғимаратына журналистердің келуі. Құдай ақы, өтірік емес!

«14.04.21 ж., сағат 11.29–да Сәтпаев көшесі, 3 мекен–жайы бойынша орналасқан «Бірінші қалалық аурухана» ҚМК әкімшілігі «102»–ге қоңырау шалып, БАҚ өкілдері аурухана ғимаратында жүргендігі туралы хабарлаған. Оқиға орнына Петропавл қалалық полиция басқармасының екінші полиция бөлімінің қызметкерлері келді» делінген. Петропавл полиция басқармасының басшылығы әлеуметтік желіде постта осындай пікір қалдырды.

Полиция, бақытымызға орай, журналистердің кәсіби міндеттерін қорқынышты, қауіпті және қылмыстық жаза деп санамады.

Құқық қорғау органдары менімен келіспеуі мүмкін, бірақ менің ойымша, бұл полицияны негізсіз шақыру. Мұндай нәрселер үшін жазалану керек.

Егер де журналистің кәсіби қызметіне кедергі болса, онда бұл түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс.

Егер болашақ мақала мен сюжеттің кейіпкерлері наразы болған жағдайда, әдетте, айқаймен, жанжалмен, полицияның шақыруымен, сынған техникамен және

*Егер де журналистің
кәсіби қызметіне
кедергі болса, онда
бұл түсіндірме
жазбада көрсетілуі
тиіс*

көгерумен шектелген, БАҚ қызметкерлерін ешқандай себепсіз құқық қорғау органдарының қызметкерлері ұстаған жағдайлар аз болған жоқ.

Бұл тұрғыда «алдын ала ұстау» деп аталатын әдіс ерекше таң қалдырады. Соңғы уақытта бұл рұқсат етілмеген (кейде рұқсат етілген) митингтерге қатысушыларға көбірек қатысты. Бұл әдіспен журналистерде ұсталды. Егер тілшіні, операторды немесе фотографты ерекшелік белгілері мен журналистік куәлігіне қарамастан оқиға орнына жібермесе, бұл ұстау емес. Бірақ оларды полиция бөліміне жібере алады. Бұл үшін де себеп қажет, және мұнда бәрі ұстаушылардың тапқырлығына байланысты. Олар қандай да бір іс бойынша куәгер ретінде полицияға шақыру қағазын бере алады. Әрине, ұсталған адам тергеу туралы бірінші рет естігені туралы куәлік бергеннен кейін, ол босатылады. Бірақ уақыт өтеді, оқиға аяқталады. Кез–келген нәрсеге біреудің шағымы негіз болады. Қаланың арғы жағында тұратын азамат кенеттен БАҚ қызметкері оны ренжітті деп ойлауы мүмкін. Қоғамдық тәртіпті және қаланы абаттандыру ережелерін бұзу да осы мақсатқа мінсіз қызмет ете алады. Темекі тұқылын тастау. Көгалды таптап тұрсыз ба? Онда жасыл кеңістікті бұздыңыз. Әріптеспен сөйлескенде анайы сөздер қолдану. Бұл да заң бұзушылық. Сондықтан журналистің құқықтық мәселелерді жақсы білгені және өзін ұстауға себеп тауып бермегені маңызды.

Журналистерді ұстау саны бойынша антирекорд Орал қаласының полиция қызметкерлеріне тиесілі шығар. 2021 жылдың 3 ақпанында «Уральская неделя» газетінің Атырауда жұмыспен жүрген журналистерін, күні бойы ұстады. 4 ақпанда Атырауда қоғамдық белсенді Макс Боқаев қамаудан шығуы керек еді. Оралдан «Уральская неделя» газетінің бас редакторы Лұқпан Ахмедьяров, оның орынбасары Рауль Упоров және оператор сол жаққа баруға тырысты. Олар келе жатқан жолды полиция ауа–райының қолайсыздығымен жауып тастады. Жолда кідіріп, кептеліске тап болған журналистерді полиция қызметкерлері қуып жетті. Лұқпан Ахмедьяров ұсталып, полиция бөліміне жеткізілді, ауа–райы бірден жақсарып, тас жол ашылды. Бір сағаттан кейін Рауль Упоровты да ұстады. Полицияның хабарлауынша, журналистер мінген көлік апат жасады деп күдіктелген.

Рауль Упоров пен оператор жолшыбай көлікпен Атырауға жетпек болған. Бірақ полиция оларды да тоқтатты. Жүргізуші жеке көлігімен адамдарды заңсыз тасыған. Лұқпан Ахемдяровты полицияда 3 сағат ұстап, оған бірде-бір сұрақ қоймаған.

Себеп бар ма, жоқ па соған қарамастан, ұстау уақыты, орны мен жағдайлары хаттамада жазылуы тиіс. Заң бойынша әркім заң көмегін алуға құқылы. Сондықтан бірден адвокат көмегіне жүгінуге тырысуыңыз керек. Егер сіз әріптесіңіздің ұсталып жатқанын көрсеңіз, оны жазып алып, фотоға түсіріп бөліскеніңіз дұрыс болады. Аудандық прокуратураға құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекетіне шағымдануға болады.

Себеп бар ма, жоқ па соған қарамастан, ұстау уақыты, орны мен жағдайлары хаттамада жазылуы тиіс

Егер полиция күш қолданса, құрал-жабдықты сындырса, қорласа, ұрса және т.б. болса, онда сіз ІҚБ Ішкі қауіпсіздік басқармасына хабарласа аласыз. Дәл осындай жағдайға шымкенттік журналистер де тап болды. 2021 жылы 2 наурызда автомобиль бөлшектері қоймасында үлкен өрт болды. Оқиға орнына «Астана» телеарнасының тілшісі Бахрамбек Талибжанов келді. Бірақ оған түсіруге мүмкіндік берген жоқ. Үш полиция қызметкері оның қолын бұрап, тағы біреуі журналистті бетіне және бүйрегіне ұрды. 31 арнаның тілшісі Бахром Абдуллаев әріптесіне көмектесуге асықты, ол камераға не болып жатқанын түсіруге тырысты. Нәтижесінде екі журналист те АІБ-ге жеткізілді. Бір айдан кейін Бахромның өзі зардап шекті. 3 сәуірде Алтынтөбе тұрғын үй кешенінде ол жергілікті тұрғындардың наразылық акциясынан хабар таратты. Полиция камераға ұстап тұрған қолшатырды сындырып, журналистің қолын жарақаттады. Ал бір айдан кейін «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қоры Шымкент қаласы полиция департаментінің ӨҚБ бастығы қол қойған өз өтінішіне жауап алды. Онда Бахром Абдуллаевқа дене жарақатын салу фактісі анықталды, бірақ... бұл қылмыстық құқық бұзушылық емес, сондықтан «қылмыстық іс тоқтатылды және Шымкент қаласының прокуратурасына зерттеуге жіберілді» делінген. Кінәлілер әкімшілік немесе ең болмағанда тәртіптік жауапкершілікке тартыла ма, жоқ па? Полиция департаментінің жауабында олардың

әрекеттері Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 158–бабын бұзу – журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі келтіру туралы бір де бір сөз айтылған жоқ...

Не істеу керек?

- Сабыр сақтау.
- Өзіңді таныстырыңыз, редакциялық куәлікті көрсетіңіз.
- Мүмкіндігінше әріптестеріңізден не болып жатқанын видеоға жазуды (мұндай жағдайлар туралы әріптестеріңізбен алдын–ала келіскен дұрыс) сұраңыз.
- Сізді ұстайтындардан өздерін таныстыруды, құжаттарды көрсетуді сұраңыз. Фамилиясын, атын, лауазымын (атауын) жазып алыңыз. Есіңізде болсын, құқық қорғау органдарының қызметкерлері сіздің қолыңызға қызметтік куәлігін беруге рұқсат жоқ. Сіз оны суретке түсіре алмайсыз. Бірақ деректерді қайта жазуға болады.
- Ұстаудың себебін түсіндіруді талап етіңіз.
- Ұстағандарға өз әрекеттерімен қандай заң баптарын бұзатынын еске түсіріңіз. (Бұл жағдайда заң терминдерін қолданған жөн – адам «заңды тілде» сөйлегенде, әдетте, олар онымен барынша ұқыпты және сыпайы болуға тырысады).
- Редакцияның адвокатына немесе өзіңіз білетін адвокатқа қоңырау шалыңыз (онымен мұндай қоңыраудың болуын алдын ала талқылау керек, ол дәл осы уақытта бос болмауы және қоңырауға жауап бере алмауы мүмкін) немесе журналистердің құқықтарын қорғауға маманданған қоғамдық ұйымның заңгеріне хабарласыңыз.
- Ұстау уақытын белгілеңіз.
- Қарсылық көрсетпеңіз (бұл пайдасыз, заңсыз және жағдайды қиындатуы мүмкін).
- Полиция бөліміне жеткізілген жағдайда, бәрін құжаттауды ұстау хаттамасын толтыруды, түсініктеме жазды талап етіңіз.
- Сізді босатқаннан кейін прокуратураға немесе ІҚБ–ға (жағдайға байланысты) шағым жазыңыз.
- Егер заңсыз ұстауды бұған құқығы жоқ адамдар жүргізген болса, онда дереу полицияға хабарласыңыз немесе әріптестеріңізден қоңырау шалуды өтініңіз.

Заң не дейді?

Қылмыстық кодекс 414–бап. Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау

1. Көрінеу заңсыз ұстап алу –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Көрінеу заңсыз күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан алты жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан іс–әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан жеті жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Күдіктіні ұстап алу фактісі және оның тұрған жері туралы оның туыстарына қасақана хабарламау, адамның күзетпен ұсталу орны туралы ақпаратты осындай ақпарат алуға құқығы бар азаматқа беруден заңсыз бас тарту, сол сияқты ұстап алу хаттамасының жасалу уақытын немесе нақты ұстап алынған уақытын бұрмалау –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен

айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Қылмыстық кодекс 126–бап. Бас бостандығынан заңсыз айыру

1. Адамды оны ұрлауға байланысты емес бас бостандығынан заңсыз айыру –

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып;
- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) көрінеу кәметке толмаған адамға қатысты;
- 6) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- 7) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 8) пайдакүнемдік ниетпен;
- 9) жәбірленушінің материалдық немесе өзгедей тәуелділігін пайдаланып жасалған;
- 10) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;
- 11) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды бұрмалап, жасырып не жойып жасалған дәл сол іс–әрекет – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.


3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс–әрекеттер, егер оларды:

- 1) қылмыстық топ жасаса;

2) заңсыз бас бостандығынан айырылған адамды қанау мақсатында жасалса;

3) абайсызда жәбірленушінің өліміне не өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



ҚОҚАН–ЛОҚЫ

Журналистерге көбінесе жағдайдың жария болғанын қаламайтындар қоқан–лоқы жасайды. Неғұрлым тәжірибелі және мұқият антибатырлар «сізге ұжымдық шағым беремін» деп қиялдары жеткенше бәріне қауіп төндіреді. Бұл жағдайда ең бастысы – қауіптің қаншалықты нақты екенін бағалау. Әдетте, кез–келген қауіптің мақсаты – қорқыту. «Үрген ит тістемейді». Бірақ бұл әрдайым бола бермейді.

Қауіп әр түрлі болады. Бәрі кімнің немен қорқытатынына байланысты. Егер бұл «мен сені қарғаймын», «сені шайтан алсын», «Челябинск метеориті саған түссін!» деген сияқты эмоционалды тіркестер болса оны елемеңіз және жұмысыңызды жалғастырыңыз. Мұндай қоқан–лоқы өмір мен денсаулыққа нақты қауіп ретінде та-

нылмайды. «Мен қазір полиция шақырамын!» – бұл да қауіп емес. Қаласа қоңырау шалсын.

Бірақ егер біреу өлтіруге, зақым келтіруге, камераны жоюға уәде берсе, бұл басқа мәселе. Көбінесе мақала мен сюжеттің антигеройы қауіп төндіре бастайды. Егер олар агрессивті болса, олардың қолында пышақ, бейсбол таяғы, арматура және т.б. болса, онда бұл құқық қорғау органдарына жүгінуге негіз болады.

Бірақ қатардағы азаматтар ғана қауіп төндірмейді. 2021 жылдың 3 сәуірінде Шымкенттегі Алтынтөбе тұрғын үй аумағында тұрғындар наразылық акциясын өткізді. Оқиға орнына журналистер келіп жетті. Бәріне бұл ұнаған жоқ. «Астана» телеарнасының тілшісі Бахрамбек Талибжановқа өліммен кім қауіп төндіргенін білесіз бе? Полиция қызметкерлері. Айтпақшы, олар журналистердің наразылық акциясынан хабар таратуына барынша кедергі жасауға тырысты. Кітапты жазу кезінде бұл мәселеге әлі нүкте қойылған жоқ, әзірге қауіп–қатерлер үшін ешкім жауапқа тартылған жоқ.

Қауіп телефон, электрондық пошта, әлеуметтік желілердегі пікірлер арқылы да болуы мүмкін. Егер оның құрамындағы сөздері агрессивті, ал автордың іс–әрекеті табанды түрде болса бұған бей–жай қарамау керек. Телефон арқылы болатын қауіп диктофонға жазылуы керек. Телефон сөйлесулерін жазуға мүмкіндік беретін көптеген бағдарламалар бар. Тек оларды алдын ала тексеру керек. Бәрі бірдей дұрыс жұмыс істемейді.

*Қауіп телефон,
электрондық пошта,
әлеуметтік желілердегі
пікірлер арқылы да болуы
мүмкін.*

Журналистерге қауіп жиі төнеді. Бұл көптеген жанжалда орын алады. Бірақ журналистердің өздері бұл туралы полицияға жүгінбейді. Нәтижесінде қауіп жазасыз қалады және бұл жаңа ұқсас жағдайларды тудырады. Өдетте, адамдардың камерада өліммен қорқытуға батылы бара бермейді. Мұндай әрекеттерді болдырмаудың немесе тоқтатудың жалғыз мүмкіндігі – бұл журналистік ынтымақтастық. Егер кейінірек БАҚ қызметкеріне бір нәрсе болса, оны бірінші қорқытқан адам күдікті болады.

Не істеу керек?

- Жағдайды ушықтырмауға, жанжалдан аулақ болуға тырысыңыз.
- Сабырлы және сыпайы сөйлесу агрессивті адамның жігерін жояды.
- Егер қорқытатын адамның қолында қару немесе қару ретінде қолдануға болатын заттар болса, жұдырықтасуға дайын болса, онда алыс кеткен дұрыс. Өріптестердің қасында тұрған жөн. Бір адамға шабуыл жасалуы мүмкін, бірақ топ адамға шабуылдау екі талай.
- Сіз полицияға қоңырау шалып, немесе қорқыту туралы арыз жаза аласыз. Әрине, оқиға орнына полиция шақырған дұрыс. Форма киген адамдар болғанда қорқыту, төбелесу, қарғау және т.б. тез ұмтылады. Полиция қауіпті немесе заңсыз әрекеттерді тоқтата алады.
- Телефон, месенджер, әлеуметтік желі және т.б. арқылы қоқан-лоқылар түскен жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының басшылығына хабарлаңыз және құқық қорғау органдарына жүгініңіз.
- Жағдайды жария етуге тырысыңыз.

Заң не дейді?

Қылмыстық кодекс. 115–бап. Қорқыту

Өлтірумен немесе денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, сол сияқты қорқытудың іске асатынына қауіптенудің жеткілікті негіздері болған кезде адамның жеке басына өзгедей ауыр күш қолданумен не мүлкікті өртеп жоюмен, жарылыс жасаумен немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту –

бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.



ШАБУЫЛДАР

Бақытымызға орай, соңғы кезде журналистерге шабуыл азайды. Бірақ болды және болашақта болмайтынына кепілдік жоқ. Сонымен, «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының мәліметі бойынша, тек 2020 жылдың өзінде журналистер мен блогерлерге қарсы карантинге және қозғалыс пен бұқаралық іс-шараларға барлық шектеулерге қарамастан 12 шабуыл жасалды. Ал 2000 жылдан бері мұндай бірнеше жүздеген (!) фактілер тіркелді.

Шабуылдар БАҚ қызметкерінің кәсіби қызметіне байланысты немесе керісінше болуы мүмкін. Әрине, қымбат камера, ноутбук және т.б. қарақшылар үшін нысана бола алады. Бұл жағдайда шабуылдаушылар олардың құрбаны кім және қайда жұмыс істейтініне мән бермейді. Сонымен қатар, адамдар арасында қандай да бір себептермен журналистер қисапсыз ақша табады және ештеңе жасамай-

ды деген біртүрлі стереотип бар. Бұл ұрыларды тартатын сияқты.

Егер шабуыл журналистің кәсіби қызметімен байланысты болса, онда көбінесе жәбірленушіні ұрып–соғады, техникасын алмайды, бірақ материалды жойып жібереді. Журналистік қызметпен байланысты тонау, шабуылдар әдетте, адамдар аз жерлерде болады.

Егер шабуыл журналистің кәсіби қызметімен байланысты болса, онда көбінесе жәбірленушіні ұрып–соғады, техникасын алмайды, бірақ материалды жойып жібереді.

Кіреберістегі бейнекамера шабуылдан қорғайды деп алданбаңыз. Әдетте кадрда басына кепка немесе капюшон киген сұлбаны ешкім анықтай алмайды. 2015 жылдың 8 қазанында белгісіз біреу қаржы блогері Ботагөз Жұмановаға өзі тұрған үйдің кіреберісінің жанында шабуыл жасаған. Камера оның қызды қалай ұрғанын жазды. Бақытымызға орай, бұл жолы күдікті табылып, ұсталды. Ол 3,5 жылға бас бостандығынан айырылды.

Шабуылдың ең ауыр жағдайы оралдық журналист Лұқпан Ахмедьяровты өлтіру әрекеті болды. Ол көптеген пышақ жарақаттарын алды. Шабуыл нәтижесінде журналистің беті көгеріп, ауыр жарақат алмаған жағдайларда, әдетте, оқиға қоғамда дүмпу тудыруы екі талай.

2020 жылдың наурыз айында журналист Ботагөз Омарова соққыға жығылды. Ол құрылыс компанияларының бірінің кеңсесіне келді. Құрылыс компаниясының жұмыс сапасына қатысты журналистік тергеу жүргізді, атап айтқанда, ол үйлердің біреуі неге аяқталмағанын анықтауға тырысты. Ботагөз бұл мәселе бойынша ресми редакциялық сұрау салуға тырысты, бірақ оны ешкім де қабылдағысы келмеді... Журналиспен тек күзетші сөйлесіп, ол компанияның кеңсесі де жоқ екенін айтты. Ботагөз компания қандай қарым–қатынас әдісін ұнататынын білуге тырысып жатқанда (менің ойымша, бұл сына жазуы, телепатия болуы мүмкін), кеңсеге «Қазполиметалл» компаниясының жұмыскерлері келді. Олар журналистке жалақы төленбейтініне шағымданды. Компания басшылығы жұмыскерлермен сөйлесуге асықпады. Ботагөз бәрін видеоға түсіре бастады. Бұл күзетшіге қызыл шүберек көрген бұқа сияқты әсер етті. Ол қызға жүгірді, оны ұрып–соғып, телефонын тартып алып, ондағы видеоны жойды. Оқиға

орнына полиция келді, бірақ сол кезде журналистке жасалған шабуылдың барлық ықтимал куәгерлері басшылықпен кездеседі деген сылтауымен ғимаратқа кіргізілді, мүмкін, оларды артқы есіктен қайта шығарып жіберді. Ботагөздің бар үміті полиция қызметкерлері зерттеуге тырысып жатқан бақылау камераларының жазбасында.

Мұндай жағдайларда бейне бақылауға сенбеу керек. Егер камералар көрші ғимараттарға орнатылса және басқа компанияларға тиесілі болса, онда үміт бар. Бірақ камераның кез-келген иесі оны көршілерде болып жатқан жағдайды емес, ең алдымен күзетілетін ғимаратты бақылау үшін орнатады. Егер бұл күзетші қызмет ететін сол кеңсенің камералары болса, онда жазбаны бір рет басу арқылы жойып, камералар жұмыс істемей тұрды деп айта салу оңай.

Журналистің телефонын өзіне қайтарғанына қарамастан, күзетшінің әрекетін тонау, яғни біреудің мүлкін ашық иелену деп санауға болады. Егер шабуылдаушы қаруды қолданамын деп қорқытса, онда бұл үшін ҚР Қылмыстық кодексінде басқа бап – қарақшылық қарастырылған. Сонымен қатар, журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау және ұрып–соғу туралы айтуға болады. Егер қыз ауыр жарақат алса, онда бұл денсаулыққа қасақана зиян келтіру деп айтуға болады.

Заң редакциялық сұрауларды жеке өзі әкелуге міндеттемейді. Мемлекеттік органға тиісті электрондық ресурстар арқылы жүгінуге немесе кәдімгі хатты пошта арқылы (бұл кітапты жазу кезінде ол әлі жойылған жоқ) жіберуге болады. Хатты жеткізу туралы хабарлама ұзақ уақытқа созылады, кейде журналистік стандарттар бойынша тым ұзақ. Бірақ бұл ұйымды барлық кеңсе қызметкерлері ескі кеңестік тәртіп бойынша картопқа кетті, карантинге жіберілді, барлық құраммен жұмыстан кетті және т.б. деген сияқты өтірік айту мүмкіндігінен айырады. Бұл қымбатырақ, бірақ редакторлар оны кейде төлей алмайтындай емес.

Егер сізді ұра бастаса не істеу керек? Бізде арнайы күштер деңгейінде қоян-қолтық ұрыс дағдыларын меңгерген журналистер болуы екіталай. Журналистер үшін өзін-өзі қорғау бойынша екі сағаттық мастер-класс туралы айтпай-ақ қоялық. Өйткені, осы уақыт ішінде дағды қалыптаспайды. Керісінше, жарнамалық акциялар нақты жағдайда көмектеспейді.

Жасай алатын ең жақсы нәрсе — өмірлік маңызды мүшелерді бас, жүрек, бауыр аймағын және т.б. қолмен жауып, қорғануға тырысу. Журналист қолымен емес, басымен жұмыс істейді. Басты да қорғау керек.

Егер сіз кездейсоқ бейсболға қатыса қалсаңыз, оны қолдануға тырыспаңыз және шабуылдаушыны ұрмаңыз. Қажетті қорғаныс шегінен асып кету – өте қиын нәрсе, сіздің жәбірленушіден айыпталушыға айналуыңыз өте оңай.

Шабуыл болған жағдайда жедел жәрдем шақыру керек. Шок күйінде жәбірленуші ешқашан өзінің жағдайын мысалы, көгеруді жабық сынықтан ажырату немесе мидың шайқалу белгілерін дұрыс бағалай алмайды. Мұндайда полиция шақыру керек.

Бұл жерде тек шабуыл фактісін ғана емес, оның журналистке қарсы жасалғанын да хабарлау артық болмайды. Оқиға орнына өзіңіздің және басқа да басылымдардан әріптестеріңізді шақыруға болады. Тездетіп медициналық экспертизаға жолдама алу керек. Жеке клиниканың құжаты жарамай қалуы мүмкін, ал егер сіз тексерілуді кешіктірсеңіз, көгерген жерлер мен жаралар жазылып кетуі мүмкін. Сондықтан жарақаттар фото, видеоға жазылуы керек.

Егер шабуыл көшеде орын алып, сізге көмек қажет болса «Кім бар, көмектесіңдер!» деп айғайлап көмекке шақыру

Егер шабуыл көшеде орын алып, сізге көмек қажет болса «Кім бар, көмектесіңдер!» деп айғайлап көмекке шақыру. Егер сізге жақын жерде өтіп бара жатқан адам болса, мысалы: «Көк куртқа киген ер адам, жедел жәрдем шақырыңыз!» немесе нақты адамға хабарласу арқылы көмек сұрауыңыз керек. Адам есінен бірден танып қалмайды. Егер ешкім жоқ болса, күшіңізді жинап, полиция мен жедел жәрдемді өзіңіз шақырыңыз. Сізді кездейсоқ біреу байқамауы мүмкін, ал келесі біреу көмекке келеді.

Егер журналистке шабуыл жасалып, ол үнсіз қалса бұл қылмыскерлерге шабуылды қайталауға болатындығы туралы сигнал. Келесі жолы бәрі әлдеқайда қайғылы аяқталуы мүмкін.

Не істеу керек?

– Негізгі сақтық шараларын сақтаңыз.

- Егер жарақат алсаңыз, өміріңізді сақтап қалу үшін бәрін жасаңыз.
- «Көмектесіңдер, өлтіретін болды!» деп айқайлаудың пайдасы жоқ, бұдан адамдар қорқып қашып кетуі мүмкін. Мұндайда «Өрт» деп айқайлаған дұрыс. Егер оқиға кіреберісте немесе үйдің жанында орын алса, көршілер қызығушылықпен қарайды. Бұдан шабуылдаушы қаймығуы мүмкін.
- Мүмкіндігінше тезірек полиция мен «жедел жәрдем» шақырыңыз. «Жедел жәрдемге» хабарласу оңайырақ. Егер бірден қоңырау шала алмасаңыз, достарыңызға немесе әріптестеріңізге қоңырау шалып, дәрігер мен полиция қызметкерлерін шақыруды өтінізіз.
- Шабуыл туралы арыз жазуды ұмытпаңыз, істі жария етіңіз және оны соңына дейін жеткізіңіз. Бұл шабуылдаушыдан кек алу туралы мәселе емес, бұл өз қауіпсіздігіңіз, өміріңізді сақтау туралы мәселе.
- Медициналық сараптамадан өту, алынған дене жарақаттарын анықтау және құжаттау. Құжат жоқ болса – зақым да жоқ.

Заң не дейді?

Заңда ауыр дене жарақаты немесе орташа дене жарақаты — қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. Ал ұрып–соғу және жеңіл дене жарақаты — әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

Қылмыстық кодекс. 106 бап. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру

1. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру –

үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 2) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына немесе кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты;
- 3) кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұштасқан;
- 4) аса қатыгездікпен;
- 5) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

- 6) пайдакүнемдік ниетпен, сол сияқты жалдау бойынша;
- 7) бұзақылық ниетпен;
- 8) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша;
- 9) жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану мақсатында;
- 10) бірнеше рет;
- 11) көрінеу кәметке толмаған адамға қатысты;
- 12) төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған дәл сол іс–әрекет –

алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан не қылмыстық топ жасаған іс–әрекеттер –

сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық кодекс. 107–бап. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру

1. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру –

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 2) адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына немесе кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты;
- 3) аса қатыгездікпен, сол сияқты кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты;
- 4) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, қылмыстық топ жасаған;
- 5) бұзақылық ниетпен;

6) әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша;

7) бірнеше рет;

8) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс–әрекет –

екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық кодекс. 112–бап. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру

1. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру –

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан дәл сол іс–әрекет – екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Әкімшілік кодекс. 73–1–бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру

1. Денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

1–1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық–тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер –

ескерту жасауға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші және (немесе) 1–1–бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50–бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер –

қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Әкімшілік кодекс. 73–2–бап. Ұрып–соғу

1. Тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып–соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау –

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

- 1–1. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, құқық бұзушымен отбасылық–тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты жасалған әрекеттер –

ескерту жасауға немесе он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші және (немесе) 1–1–бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50–бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер –

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.



ПАНДЕМИЯДАН ПАНДЕМИЯҒА ДЕЙІН

Журналист пандемияда эпидемияға қарсы шараларды жариялауда кездесетін негізгі екі мәселе бар: жұқтыру қаупі және вирустың таралуын болдырмау үшін енгізілген жаңа шектеулер.

Қытайда жаңа коронавирус туралы хабар пайда болған кезде, жағдайдың күрделі әрі қиын болатынына сенгендер аз болды. Тіпті вирустың қаупі туралы бірінші рет ескерткен дәрігерге қоғамдық тәртіпті бұзу үшін жалған ақпарат таратты деген айып тағылды. Кейінірек, инфекция бүкіл әлемге тарала бастағанда, көпшілік коронавирус басқалармен болатынына сенімді болды. Содан кейін достар, таныстар, әріптестер, туыстар ауырып өле бастады...

Ғалымдардың пікірінше, адамзаттың қиындықтары тек коронавируспен бітпейді. Себебі, емі жоқ жаңа қауіпті инфекциялардың пайда болу мүмкіндігін ешкім жоққа шығармайды.

Пандемия басталғалы майдан даласында тек дәрігерлер мен тәртіп сақшылары болған жоқ. Жағдайды инфекция ошақтарына барған журналистер жазды. Олар денсаулығы мен өмірлері үшін барлық жауапкершілікті өз мойнына алуға тиіс болды.

Кез-келген журналист болып жатқан оқиғаны толық және шынайы түрде қалай көрсету керектігін ойлайды. Әдетте, олар өздерін соңғы орынға қояды. Пандемия БАҚ қызметкеріне ерекше жауапкершілік жүктеді. Егер құдай сақтасын, тілшінің аяғы сынса, редакция уақытша бір қызметкерінен айырылады. Қалғандары оның міндеттерін өз мойнына алады, ал оқырмандар мен көрермендер қажетті апаратын ала береді, жұмыс осылай жалғаса береді. Егер журналист жұқпалы ауруды жұқтырса, ол барлық әріптестеріне жұқтыруы мүм-

Синтетикалық матадан жасалған дизайнерлік маска қауіпті

кін, ал редакцияның жұмысы тоқтап қалады. Бұл әріптестердің вирусты балаларына, ата-аналарына жұқтыруы, олардың кейбіреулері аман қалмауы мүмкін.

Әрине, пандемия басталғаннан бері ешкім журналисті химиялық қорғаныс костюмінде көрген емес. Инфекция таралған өте қауіпті жерлерге барған кезде арнайы киім, медициналық маска кию артық болмайды. Сатылатын маскалардың барлығы бірдей қолайлы материалдардан жасалмаған. Синтетикалық матадан жасалған дизайнерлік маска қауіпті. Вирустардан қаншалықты қорғайды бұл үлкен сұрақ. Бірақ мұндай маскада дем алу өте қиын. Нәтижесінде, жаңағы маскаңыз иекте қалады. Ал кәдімгі медициналық маскада сіз қалыпты дем ала аласыз. Бастапқыда қолайсыз болуы мүмкін, бірақ оны шешуге болады. Қолғап киіп фото түсіру, видеотехникамен жұмыс істеу оңай емес. Бірақ егер қолғаппен жұмыс істей алмасаңыз, онда санитайзерді немесе төтенше жағдайларда бактерицидті дымқыл майлықтарды қолдана аласыз.

Журналистер өз міндеттерін орындау кезінде коронавирустан қайтыс болды, бірақ олар жұқтырған жағдайлар ресми тіркелген жоқ.

Бұл инфекциямен байланыс қай жерде болғанын анықтау мүмкін емес. Мүмкін вируспен ауырған науқас автобуста, таксиде, редакция орналасқан ғимаратта, супермаркетте, лифтте болған шығар. Инкубациялық кезең екі аптаға дейін созылады, екі аптадан кейін бәрін айту қиын. Оның үстіне түшкірмейтін, жөтелмейтін немесе тұншығып қалмайтындардың бәрі міндетті түрде сау болмайды.

Бір қызығы, вирусты науқас табылған қоршалған үйдің жанында емес, митинг немесе ағаш отырғызу сияқты жаппай іс-шараларда оңайырақ жұқтырып алуға болады. Әлеуметтік қашықтық әрдайым сақталмайды. Біздің халық масканы иекке немесе шынтаққа киеді. Мұндай атмосфера көптеген адамдарды босаңсытады. Инфекция ошақтарының жанында тіпті ең танымал күдікшілер барлық сақтық шараларын мұқият сақтауға тырысады.

Инфекцияны жұқтырудың екі негізгі себебі – бейқамдық пен надандық. Бірақ журналистердің жұмысы көп екені, олардың жұмысы уақытқа бағынбайтыны, салауатты өмір салтын ұстануға уақыт пен мүмкіндік аз екені түсінікті. Сіз тәулік бойы жұмыс істеп, хот–дог жеп, кофе ішіп тамақтанасыз. Мұның бәрі уақытша. Өз денсаулығыңызды да ұмытпауыңыз керек, ауырып қалсаңыз барлық қызықты өткізіп алуыңыз мүмкін.

*Инфекцияны
жұқтырудың екі негізгі
себебі – бейқамдық пен
надандық*

Әрине, пандемия кезінде ешкім БАҚ туралы заңды да, сөз бостандығына кепілдік беретін Конституцияны да, халықаралық келісімдердің де күшін жоймайды. Бірақ билік сақталуға тиісті жаңа шектеулерді енгізуі мүмкін.

Ең алдымен, бұл қозғалыс пен түсірілімге қатысты болуы мүмкін. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес кез–келген азамат ел ішінде кедергісіз жүруге құқылы. Бірақ локдаун кезінде бұл ереже жұмыс істемейді. Сонымен қатар, қала бойынша қозғалуда қиындықтар туындауы мүмкін. Журналист тиісті мемлекеттік органдардан қажет болған жағдайда төтенше жағдай немесе басқа да маңызды оқиға орнына бару, тіпті өзі тұратын қаланың ішінде жүріп тұру үшін қандай құжаттар мен рұқсаттарды алу керектігі туралы алдын–ала сұрауы керек.

Мүмкін, билік ең қатаң локдаунда да қозғалуға рұқсат етілген БАҚ пен басқа ұйымдардың тізімін жасайтын шығар. Мұндай тізімдерді жасау және бекіту мерзімі, әдетте, шектеулі. Тізімге кірмей қалған БАҚ-тың оған кейінірек қосылуы өте қиын, тіпті мүмкін емес миссия болып шығады. Қажетті құжаттарды жинау және тапсыру үшін уақыт керек, мысалы, БАҚ-ты тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, жұмыс орнынан анықтама және т.б. қажет болған жағдайда редакциялық тапсырманы бланкіде және мөрмен қалай алуға болатындығы туралы ойлану керек.

Әрине, денсаулық сақтау министрлігінің, санитарлық дәрігерлердің, жедел штабтардың және т.б. барлық бұйрықтары мен қаулыларын мұқият бақылау қажет. Егер журналистердің жұмысы қалай ұйымдастырылатыны туралы қажетті ақпарат болмаса, онда өзіңіз сұрақтар

Денсаулық сақтау министрлігінің, санитарлық дәрігерлердің, жедел штабтардың және т.б. барлық бұйрықтары мен қаулыларын мұқият бақылау қажет

қоюыңыз керек. Барлық жауаптар, тіпті олардың жоқтығы да мұқият жазылып, олар қолданылатын шектеулер жойылғанша сақталуы тиіс. Бұл әрине, өтіп кеткен іс-шараға қатысу мүмкіндігін қайтармайды. Бірақ бұқаралық ақпарат құралдарының құқықтары бұзылған немесе өз міндеттерін орындамаған жағдайда шенеуніктердің әрекеттеріне

қарсы тұруға және оларды жауапкершілікке тартуға көмектеседі. Егер сіз бәрін өз бетіңізше жіберіп, редакциялық куәлік кез-келген қаулыны немесе тыйымды алып тастай алады деп үміттенсеңіз, онда журналисті карантин режимін бұзғаны үшін, одан туындайтын барлық салдармен оңай айыптай алады.

Сондай-ақ төтенше жағдай мен карантиндік шектеулер арасындағы айырмашылықты түсіну керек. ТЖ режимін жою карантинді автоматты түрде алып тастауды білдірмейді. Төтенше жағдай кезінде қырағылықты екі есе арттырған жөн. Төтенше жағдай кезінде жасалған құқық бұзушылық үшін жаза, әдетте, әлдеқайда ауыр. Бұл әдейі жалған ақпарат таратуға да қатысты. Қозғалысты шектеу мысалы, 22.00-ден кейін дәріханаға баруға болады, бірақ қыдыра алмайсыз. Бұл коменданттық сағат емес. Коменданттық

сағат – бұл сіз шынымен қаласаңыз да, қажет болса да ешқайда бара алмайсыз.

Егер сіз қателесіп, шектеуді коменданттық сағат деп атайтын болсаңыз, онда жалған ақпаратты таратқаныңыз үшін жауап беруге тура келеді. Мұндай немқұрайлылық оқырмандарды шатастырады. Билік қолданатын тұжырымдарға мұқият қарау керек. Бірақ егер олар қарапайым оқырмандарға (көрермендерге, тыңдаушыларға) түсініксіз болса және шын мәнінде нені білдіргеніне күмәнданса, онда баспасөз қызметінен (жазбаны, хатты немесе скриншотты сақтауды ұмытпаңыз) немесе төтенше жағдайларда кейбір сарапшыдан (бұл заңгер немесе санитарлық дәрігер болуы мүмкін қай аймаққа байланысты термин) нақтылау керек.

Сонымен қатар, кейбір шектеулер екі жақты түсіндірілуі мүмкін. Мысалы, 2020 жылы пандемия кезінде, әлеуметтік желіде ковидтік стационарлардан фото және видео толып кеткенде Қазақстанның бас санитарлық дәрігері кез-келген медициналық мекемелер мен жедел жәрдем машиналарында ғана емес, пациенттің үйінде де медициналық көмек көрсету кезінде фото және видео түсіруге тыйым салды. Бұл ретте журналистер әлеуметтік маңызы бар оқиғаларды хабарлау үшін түсіруге құқылы деген ескертпе болған жоқ. Қаулыда тек басқа адамдарды – медициналық қызметкерлерді (әлі де арнайы костюммен тануға болмайтын) немесе палатаны адамдарды олардың келісімінсіз түсіруге болмайтыны айтылған жоқ. Формальды түрде тіпті селфи жасауға тыйым салынды.

Айтпақшы, осы кітапты жазу кезінде түсірілімге тыйым жойылған жоқ. Алайда, бұл емханаларда (яғни медициналық мекемелерде) жасалған коронавирустық вакцинация фотосуреттерін (көбінесе медбикенің суреті болған) жаппай түсіріп оны орналастыруға кедергі болмады. Бір баспасөз қызметіне мұндай тыйым тіпті ковидтік аурухананың «лас аймағынан» суретке түсуге және тіпті баспасөз турын ұйымдастыруға кедергі болмады (!).

Не істеу керек?

– Елдің бас санитарлық дәрігерінің және қаланың (облыстың) бас санитарлық дәрігерінің соңғы қаулысын мұқият оқып шығыңыз.

- Елдегі Төтенше жағдай мен жай карантин арасындағы айырмашылықты нақты түсіну.
- Қажет болған жағдайда барлық қажетті рұқсаттарды уақытында алу үшін карантин режимінің барлық өзгерістерін қадағалау. Ақпарат жетіспеген жағдайда баспасөз қызметіне немесе мемлекеттік органдардың басқа өкілдеріне хабарласуға болады.
- Инфекцияны болдырмау үшін жалпы қабылданған сақтық шараларын сақтау.

Заң не дейді?

Әкімшілік кодексі. 462–бап 3 б.

Осы Кодекстің 162 және 227–баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өздерінің құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынуларды, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамау –

рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұрып немесе онсыз не қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұрып немесе онсыз, жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысы (мысал ретінде келтірілген, үнемі өзгеруі мүмкін – автор).

Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында коронавирустық инфекция аурулардың алдын алу шараларын одан әрі күшейту туралы

(12.04.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен)

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104–бабының 1–тармақшасына сәйкес Қазақстан халқы арасында

COVID–19 (бұдан әрі–COVID–19) коронавируc инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 27.02.21 жылғы N9 қаулысына сәйкес (алдыңғы редакцияны қараңыз); Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 25.03.21 жылғы N12 қаулысымен (алдыңғы басылымды қараңыз) 1–тармақ өзгертілді.

1. Облыстардың, Алматы, Нұр–Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар, құқық қорғау және арнайы органдар, мыналарды қамтамасыз етсін:

1) денсаулық сақтау ұйымдарында, жедел жәрдем көліктерінде, жергілікті атқарушы органдар карантинге белгілеген үй–жайларда, медицина қызметкерлерінің үйде медициналық көмек көрсетуі, ошақта эпидемиологиялық тергеп тексеру жүргізу, науқастардан және байланыста болғандардан сұрау және сауалнама жүргізу кезінде аудио, фото және бейне түсірілімге тыйым салуды;



ҚҰРМЕТТІ СОТ

Сот отырысына журналист офлайн немесе онлайн режимінде қатысатыны маңызды емес. Оның сот отырысына араласуға, сұрақтар қоюға, өз пікірін білдіруге, бөлме ішінде қозғалуға немесе судьяның бұйрықтарын елемеге құқығы жоқ. Бұл сотты құрметтемеу деп саналады. Бұл үшін оларға айыппұл салынып қана қоймай, редакцияға да, басқа басылымдардағы әріптестеріне де қиындық туғызады. Баспасөзді сотқа қатысу құқығынан оңай айыруға болады. Себепп? Олар процеске кедергі жасайды.

Әрине, бәрі судьяға және оның шыдамдылығына байланысты. Әдетте, судья ескертумен шектеледі, тағы бір бұзушылық болса ол журналистті қуып шығады. Бұл шешімге дау айту мүмкін емес. Егер оныкі дұрыс болмаса сіз тек жоғары органдарға судьяға шағымдана аласыз.

Бірнеше жыл бұрын әкімшілік сотта қаралған істердің бірінде өте

күрделі жағдай туындады. Феминистік шерудің бірнеше қатысушылары әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оларды қолдауға бірнеше ондаған адам келді. Әрине, барлығы залға сыймады, және олардың уақыттары болмады – сот ғимаратының кіреберісінде олардың құжаттарын тексеріп жатқанда, процесс басталып кетті. Алайда, 20–ға жуық адам журналистермен бір залға кіріп үлгерді. Судья келгенде, феминистердің «қолдау тобы» барлық басқа жақтастары қатарларына қосылмайынша процесті бастамауды талап ете бастады. Неге екені белгісіз, судья көрермендердің дауыстары бұқаралық ақпарат құралдары отырған залдан шықты деп шешті және журналистердің бөлмені босатуларын талап етті. Бұған дейін өзін әдепті ұстаған, орнынан тұрмай, үнсіз отырған журналистер шынымен ашулана бастады. Бақытымызға орай, судья залда кім айқайлағанын және кім кімге кедергі келтіргенін тез анықтады. Бірақ бәрі басқаша болуы мүмкін. Судьяны түсінуге болады. Қатысушылардың бетінде олардың қайда жұмыс істейтіні жазылмаған, ал БАҚ қызметкерлерінің айырықша белгілері болмаған. Жалпы, журналистер митингі немесе кейбір төтенше жағдайлар кезінде ғана кеудеше киюді әдетке айналдырған. Егер олар сотта кеудеше киіп немесе қолдарына таңғыш байлап жүрсе, онда соттағы біреудің тәртіпсіздігінен маңызды отырыстан қуылу қаупі туындамас еді.

Сотта құрмет тек судьяға ғана қажет емес. Сондықтан Әкімшілік кодекстің бабы осылай аталады: сотты құрметтемеудің көрінісі (судьяға емес). Бұл процестің барлық қатысушылары үшін. Егер олар видеоға түсіруге немесе суретке түскісі келмейтінін айтқан болса, онда оларды түсіруге болмайды. Егер байқатпай түсіріп алсаңыз да, бұл кадрларды пайдалану заңсыз болады.

Мінез–құлықтан басқа, құқық қорғау органдары жүргізетін сот процестері немесе тергеулер кезінде терминдерге ерекше назар аудару керек, мұқият болу керек. Тергеу кезінде де, сот кезінде де қылмыскерлер жоқ. Күдіктілер, айыпталушылар, сотталушылар бар. Прокурорлар, адвокаттар, жәбірленушілер, қорғаушы және айыптаушы тарап бар, мамандар, сарапшылар, куәгерлер бар. Егер бұл қылмыстық іс болса және үкім шығарылса адамды тек сот қылмыскер деп атай алады. Әкімшілік және азаматтық істер бойынша шешім-

дер мен қаулылар шығарылады. Өкімшілік сот шешім шығарғаннан кейін кінәліні құқықбұзушы деп атауға болады. Бірақ азаматтық істерде жәбірленушілер мен қылмыскерлер жоқ. Тек талапкер мен жауапкер бар.

Терминдерді шатастырмау маңызды. Неге? Егер жауапкерді қылмыскер деп атаса, ол ар–намысы мен қадір–қасиетін қорғау туралы сотқа жүгінуі мүмкін. Оныкі дұрыс болып шығады.

*Жалпы кез-
келген құқықтық,
экономикалық,
медициналық,
діни терминдерге
сақтықпен қарау
керек*

Жалпы кез–келген құқықтық, экономикалық, медициналық, діни терминдерге сақтықпен қарау керек. Олардың мағынасын қайта тексерген жөн немесе тиісті саланың маманынан кеңес алған дұрыс. Егер сот процесі аяқталғаннан кейін адвокаттың алдына барып, оның клиентін айыпталушы деп айту дұрыс па деп сұрасаңыз ол бас тартпай бәрін түсіндіреді. Сіз өзіңіз үшін терминдер сөздігін құрастырып және қажет болған жағдайда оны пайдалана аласыз.

Әрине, өз құқықтық сауаттылығыңызды арттыруыңыз керек.

Судьялар заңдық тұрғыдан болмаса да техникалық сауаттылығын арттырып отырса, жақсы болар еді. Бірнеше жыл бұрын Алматыда судья әлеуметтік желідегі пікірге ренжіген жағдай болды. Қолданушының мәлімдемесі шын мәнінде орынсыз болды. Судья ханымның сыртқы келбетіне қатысты болғанын айта кету керек.

Бірақ судья пікір жазған адамға емес... процестен хабар таратқан журналиске ренжіді. Әлеуметтік желіде жарияланған материалға сілтемені редактор орналастырды. Қолданушылардың бірі пікір қалдырды. Журналистер пікір авторына оның қателескенін бірден түсіндірді. Ренжіген ханым журналист үстінен шағымданды. Тек жоғары инстанция судьяны сендіре алды.

Тараптар ұсынатын барлық мәліметтер интернетте еркін қол жетімді болса да, сот кез–келген сылтаумен процесті жариялауға тыйым салатын жағдайлар болады. Себептер әр түрлі жеке, отбасылық, коммерциялық құпия және т.б. болуы мүмкін.

2020 жылдың қазан айының соңында Алматыда судья БАҚ–та топтық зорлау ісіне түсініктеме беруге тыйым салды. Жәбірленушінің құпиялылығын сақтау мақсатында емес. Жәбірленуші әділдікке жету үшін қоғам назарын аударып, істің жариялануына қарсы болмады. Іс бойынша айыпталушылар банкир және прокуратураның бұрынғы қызметкері болды. Қызық жері судья тыйым салуды жеңілдететін ресми қаулы шығаруға үлгермей, өзінің тыйым салуын ауытша жариялады.

Қоғамдық маңызы бар және үлкен резонанс тудыратын оқиғаларды жариялау – журналистің негізгі міндеттерінің бірі. БАҚ жәбірленуші мен сотталушылардың жеке деректерін ашпай, оқиғаның объективті көрінісін ұсынуы мүмкін. Бірақ істің барысына түсініктеме беруге тыйым салу тек

цензура енгізу мен сөз бостандығын шектеу әрекеті ғана емес, сонымен қатар соттың объективтілігі мен бейтараптығына күмән тудырады. Біріншіден, оларға тіпті журналистер емес, жұртшылық күмән келтіреді. Бұл азаматтардың елдің заңына деген көзқарасына қалай әсер етеді? Бұл шынымен де сот қол жеткізуге тиіс нәрсе ме?

Қоғамдық маңызы бар және үлкен резонанс тудыратын оқиғаларды жариялау – журналистің негізгі міндеттерінің бірі

Не істеу керек?

- Егер сіз сотқа бірінші рет қатысып тұрсаңыз, адвокаттан немесе тәжірибелі әріптестерден не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын сұраңыз.
- Егер адвокаттар мен әріптестердің сізге кеңес беруге уақыты болмаса, тәжірибелі журналистердің қалай әрекет ететінін бақылап, солай жасаңыз.
- Кеудеше киіңіз немесе журналистің басқа белгісін тағыңыз.
- Залға алғашқылардың бірі болып кіріңіз мінбеге жақын отырыңыз (әйтпесе дыбысты жазу қиын болады).
- Орныңызда отырыңыз. Егер сіз диктофонды мінбеге қойсаңыз, ол отырыс аяқталғанға дейін сол жерде тұрады.
- Судьямен дауласпаңыз. Оның талаптарын орындаңыз.

- Тыныш отырсаңыз. Отырыс аяқталғаннан кейін өз пікіріңізбен бөлісесіз.
- Жазғаныңызды мұқият оқыңыз.

Заң не дейді?


Әкімшілік кодексі. 653 бап. Сотқа құрметтемеушілік

1. Процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) –

ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.



АБАЙСЫЗ СӨЗДЕР

Журналист әрқашан өзінің жазғанына немесе эфирге не шығаратынына өте мұқият қарау керек. Материал түрлі ұлттарға, әлеуметтік жағдайға, дінге және т.б. қатысты болған кезде, айырықша абай болғаны жөн.

Журналистің ең үлкен жауларының бірі – жалпылама деректер келтіру. Әлеуметтік желілердегі тролльдер мұны өте жақсы көреді. Бұл манипуляцияның бір әдісі. «Ғалымдардың көпшілігі келіседі» Бұл жердегі көпшілігі дегендер кімдер? Оларды кім есептеді? Ғалымдардың көпшілігі немесе сауалнамаға қатысқан 5 адамның 4-і? Содан кейін «Өздеріңізге мәлім...». Егер бір нәрсе бәріне белгілі болса, онда ол туралы жазып не керек? Бұның жаңалығы неде? Егер бәрі білетін болса, бұл біреулер үшін қызықты болады ма? Бәрін білетін «бәрі» кім?

Неге қауіпті? Бұл жерде мақалада да, оның астындағы пікірлерден туындайтын салдар «Олардың бәрі осындай» рухындағы фраза-лардан алыс емес.

Тағы бір зиянсыз болып көрінетін, бірақ қауіпті болуы мүмкін нәрсе – рерайт немесе шетелдік басылымдардан көшіріп қайта басу. Материалды тек өңдеп қана қоймай, мұқият оқу керек. Кез–келген елдің тұрғындары өз билігін, отандастарын, өз еліндегі кейбір оқиғаларды сынға алады. Бірақ бұл ақпарат басқа елде қайта басылғанда, ол басқаша естіле бастайды.

Тағы бір қауіп спикерлер мен комментаторлардан туындауы мүмкін. Барлық сөз тіркестерін эфирге немесе басып шығаруға болмайды. Эмоциямен адам біреуді қорлауы, ұлттық, діни және т.б. сезімдерге нұқсан келтіруі мүмкін. Әрине, жазба болады. Журналист мұны өзі ойлап таппағанын дәлелдейді. Бірақ басылымды немесе спикерді сотқа тартуы мүмкін.

Кез–келген жағдайда журналист тыңдауға, ойлануға және әрбір сөзін байқап айтуға міндетті

Тұлғааралық қақтығыс, жеке бас араздығы немесе тікелей өшпенділік мәселелерінде де абай болған жөн. Кез–келген жағдайда эмоцияға ерік бермеген жөн. Журналист – робот емес, ол да көңіл күйге берілуі мүмкін. Өзі және туыстары туралы, оныншы ұрпаққа дейін ойлағанының бәрін «жарылып» айтып салуы мүмкін. Егер арандату болса, онда жазба жасалуы, бұқаралық ақпарат құралының қызметкері қоғамдық орында дөрекі сөйлегенін растайтын ондаған куәгер табылуы мүмкін. Бұл құқық бұзушылық болып саналады. Сондықтан кез–келген жағдайда журналист тыңдауға, ойлануға және әрбір сөзін байқап айтуға міндетті.

Осыдан 20 жыл бұрын радиода әзіл–оспақ бағдарламасының авторлары эфирде шетелдік саясаткерлердің бірі туралы анекдот айтты. Сол елдің елшілігі бұған наразылық білдіріп, мұндайға жол берілмейтінін ашық айтты. Радиостанцияның басшылығы әзілқойларға сөгіс берді. Келесі күні сол бағдарламада тағы сол саясаткер туралы анекдот айтылды. Бірақ оны айтпас бұрын жүргізушілер әзілде аталатын барлық есімдер, фамилиялар, елдер мен фактілер ойдан алынғанын, қандай да бір сәйкестік болса кездейсоқтық екенін ескертті. Елшілік үнсіз қалды. Осыдан кейін бағдарлама авторлары ешкімді ренжітпеу үшін мұндай тақырыптарға әзіл айтпайтын болды.

2021 жылы жалған есімдер мен кездейсоқ сәйкестіктер туралы дәл осындай ескерту Instagram–да сатиралық парақшада жарияланды.

Ондағы ақпарат жалған ойдан алынған деп жазылды. Бірақ бұл жолы ескерту нәтиже бермеді.

2021 жылдың 15 мамырында полиция Qaznews24 парақшасының әкімшісі Темірлан Еңсебектің үйін тінтіді. Компьютері тәркіленіп, жауап алу үшін өзі полицияға жеткізілді. Жауап алу бес сағатқа созылды, содан кейін жігітке оның куәгер екенін, қорғану құқығы бар куәгер екені айтылған, бірақ тергеу деректерін жарияламау туралы қолхат алынды. Кейіннен полиция істі ҚР Қылмыстық кодексінің 274-бабы «Көрінеу жалған ақпарат тарату» бойынша тергегені белгілі болды.

Шындығында, бұл бапта қоғамдық қауіп тудыратын, азаматтардың немесе ұйымдардың мүдделеріне зиян келтіретін ақпарат қарастырылған. Егде жастағы адамдар мен қазіргі тарихты жақсы білетіндер «орынсыз» анекдот үшін 10 жылға түрмеге қамауға болатынын біледі, кейбір елдерде бұлай өзілдеуге мүлде болмайды.

Бірақ әлемнің бірде-бір елінде әзіл мен сатираға тыйым жоқ. Бұл шығармашылық өзін-өзі көрсетудің тәсілдері, ал бізде шығармашылық еркіндікке Конституция кепілдік береді.

Шығармашылық бостандығы – сөз бостандығының ажырамас бөлігі. Автор өз шығармаларының тақырыптарын, көркемдік әдістерін, принциптерін таңдауға құқығы бар. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық пактілерде сөз бостандығы мәдени құқықтардың негізгі аспектілерінің бірі ретінде көрсетілген. Бұл кез-келген ақпарат пен идеяларды көркем түрде іздеу, алу және тарату бостандығын, басқалардың өнері мен шығармашылығынан ләззат алу құқығын, сондай-ақ мемлекеттердің шығармашылық қызметке қажетті бостандықты құрметтеу міндеттемесін білдіреді.

Темірлан мен оның адвокатынан алынған ақпаратты жарияламау туралы қолхат халықаралық резонанстан құтқарған жоқ. Жігітті тек қазақстандық журналистер қауымы ғана емес, ірі халықаралық ұйымдар да қолдады. Human Rights Watch халықаралық құқық қорғау ұйымы тергеуді тоқтатуға шақырды.

Не істеу керек?

- Эмоцияларға берілмеңіз.
- Спикердің айтқанын мұқият тыңдап, талдаңыз.

- Фактіні эмоциядан ажыратуды үйрену.
- Жазбаны мұқият оқып шығыңыз.
- Ойлау.

Заң не дейді?

Конституция. 20 бап.

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.
2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.
3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік–топтық және рулық астамшылықты, сондай–ақ қатыгездік пен зорлық–зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Қылмыстық кодекс. 174 бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік–топтық немесе діни алауыздықты қоздыру

1. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік–топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар–намысы мен қадір–қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасы, тектік–топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау, егер бұл іс–әрекеттер жария немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік–топтық немесе діни алауыздықты насихаттайтын әдебиетті немесе өзге де ақпарат жеткізгіштерді дайындау немесе тарату жолымен жасалса, –

екі мыңнан жеті мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл салуға не екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бо-

стандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған немесе бірнеше рет жасалған немесе күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен ұласқан, сол сияқты адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған, оның ішінде шетелдік көздерден алынған қаражат пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған не ауыр зардаптарға әкеп соққан іс–әрекеттер –

белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

131–бап. Қорлау

1. Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір–қасиетін әдепсіз түрде кемсіту –

бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

2. Көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс–әрекет –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

274–бап. Көрінеу жалған ақпарат тарату

1. Қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың немесе ұйымдар-

дың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін көрінеу жалған ақпарат тарату –

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс–әрекет –

үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіруге немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс–әрекеттер –

бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

- 1) қылмыстық топ жасаған;
- 2) төтенше жағдай кезінде немесе ұрыс жағдайында немесе соғыс уақытында не жария іс–шаралар өткізу кезінде жасалған іс–әрекеттер –

үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗІЛЗАЛАЛАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ АПАТТАР

Бақытымызға орай, Қазақстанда табиғи немесе техногендік апаттар кезінде бірде–бір журналист зардап шеккен жоқ. Бірақ мезгіл–мезгіл бұл туралы жазып тұру керек, ол үшін белгілі бір тәуекелге баруға тура келеді.

Көп жағдайда БАҚ табиғи төтенше жағдай орнына көшкін түсіп, сел аяқталып, жел тоқтаған соң келеді. Бұл журналистердің нашар жұмыс істейтіндігімен байланысты емес. Қаланың ішінде де бір жерге жету үшін уақыт қажет, ал табиғи апаттар тез және алдын–ала пресс–релизсіз өтеді. Әдетте, барлық жедел қызметтер сол жерден табылады, себебі, олар – жедел.

Журналистика факультеттерінде көшкіннен қалай зардап шекпеу керектігін немесе тас құлаған кезінде қай жерде тұру керектігін үйретпейді. Құтқару қызметі мен Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері бұл мәселенің маманы, сондықтан олардың нұсқау-

ларын тыңдау керек. Өйткені, олардың мұндай істерде әлдеқайда тәжірибесі көп. Түсіруге ыңғайлы жер қауіпсіз болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл әсер алдамшы болуы мүмкін. Төтенше жағдай аймағында қалған азаматтық тұлғалардың қауіпсіздігі үшін жергілікті жерде жұмыс істейтін шұғыл қызметтер жауап береді.

2012 жылы Алматы тауларында қатты жел болды. Қатты жел тау беткейлеріндегі көптеген Тянь–Шань шыршаларын құлатып кетті. Құлаған қарағайларды тазартуға көп уақыт кетті. Кейінірек тау беткейлерінің бірінде өрт шықты. Тазалау жұмыстары аяқталуға жақын болғанда, журналистерге пресс–тур ұйымдастырылды. Таудан кездейсоқ үлкендігі ұзындығы үш метр диаметрі шамамен бір жарым метр болатын бөрене тікелей журналистерге қарай құлағанша бәрі жақсы, жағдай толығымен бақылауда болды. Бөрене түзу сызықпен ұшып, жартасқа түсуі керек сияқты көрінді. Бірақ ол күтпеген жер-

ден траекторияны өзгертті де тілшілер мен операторлар қашқан жолға келіп түсті.

Журналистерді оқиға орнынан қуа бастағанда немесе қайда тұру керек екенін, қайда баруға болатынын, қайда баруға болмайтынын көрсете бастағанда,

Өз қауіпсіздігіңіз үшін дереу сол жерде БАҚ-пен жұмыс істеуге кім жауапты екенін және оның өзіне жүктелген істе қаншалықты құзыретті екенін анықтауыңыз керек

бұл нұсқауларды кім беретінін білген артық болмайды. Әдетте, ше-неуніктер нұсқау бергенді жақсы көреді. Кеңсе бастығының нұсқауы мен маманның ұсыныстарының айырмасы қаншалықты үлкен екенін елестете аласыз ба? Сондықтан өз қауіпсіздігіңіз үшін дереу сол жерде БАҚ–пен жұмыс істеуге кім жауапты екенін және оның өзіне жүктелген істе қаншалықты құзыретті екенін анықтауыңыз керек. Баспасөз хатшысы байланыстырушы ғана бола алады, бірақ егер ол баспасөз қызметіне дейін құтқару қызметінде бірнеше жыл жұмыс істемеген болса журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінде соншалықты білімді емес.

Бірақ мұның бәрі төтенше жағдайларға қатысты. Көрінбейтін қауіп радиация немесе улы газдардан болады. 2013 жылы Ақмола облысындағы Калачи ауылының тұрғындары түсініксіз «ұйқы ауруын»

жұқтырды. Адамдар жолда ұйықтап қалды және бірнеше күн ұйықтады. Бұл мистикалық аурудың құрбандары тек жергілікті тұрғындар ғана емес, келушілер де болды.

Бір жылдан кейін Батыс Қазақстанда, Березовка ауылында жаппай есінен тану жағдайлары болды.

Екі жағдайда да себеп газдың бөлінуі болуы мүмкін. Калачиде адамдарды «ұйықтататын» нәрсені нақты анықтау мүмкін болмады. Бірақ Березовкада күкіртсутекпен улану болды деп есептелді.

Сіз күкіртсутектің иісі шіріген жұмыртқаға ұқсайтынын білесіз бе? Бірақ бұл басы ғана. Егер оның ауадағы концентрациясы аз болса, онда адам бұл иісті сезінуді тез тоқтатады, ал улану осы уақытта жалғасады. Нәтижесінде – бас айналуы, жүрек айнуы, лоқсу болады. Егер концентрация жоғары болса, онда улануға бір рет тыныс алу жеткілікті. Адам иіс сезбейді, комаға түсіп, өкпесі ісініп өліп кетеді.

Сондықтан осындай экологиялық қолайсыз аймақтарға барар алдында санитарлық дәрігерлердің, токсикологтардың, химиктердің және т.б. пікірлерін жазып алу керек. Өйткені сіз олардан қалай қорғану туралы кеңес сұрай аласыз. Пандемия кезінде «сәнге» айналған медициналық маскалар кию сізді улы газдардан құтқармайды. Егер осы маскадан кем дегенде біршама пайда болса, ешкім респиратор мен противогазды ойлап таппас еді.

Не істеу керек?

– Қандай табиғи немесе техногендік апат өмір мен денсаулыққа қауіп тудыруы мүмкін екендігі туралы мүмкіндігінше көп ақпарат жинаңыз.

– Мамандармен кеңесіңіз.

– Қауіпті аймақта болғанда кім және қандай билік өкілдері бар екенін зерттеу.

– Құтқару немесе төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерінің нұсқауларын орындаңыз.

– Қажетті қорғаныс құралдарын алыңыз және оларды қолдануды ұмытпаңыз.

Заң не дейді?

Авариялар, өрт, стихиялық зардаптар салдарын жою және басқа да төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

2 тарау. ІІО бөліністері:

- 1) өрт орнын (аумағын) қоршауды қамтамасыз етеді;
- 2) өрт бөліністері келгенге дейін ТЖ аумағынан адамдарды құтқару және эвакуациялау бойынша іс–шараларды жүргізеді;
- 3) ТЖ орнына мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының, сондай–ақ қосалқы қызметтердің күштері мен құралдарының кедергісіз жүруін ұйымдастырады;
- 4) бөгде адамдардың өрт (ТЖ) орнына кіріп кету фактісін болдырмау бойынша шаралар қабылдайды;
- 5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында, сондай–ақ бұзақылық фактілерін болдырмау үшін бекітілген бағыттар бойынша ТЖ аумағына патрульдеуді жүргізеді;

3 тарау.

5. ПП қызметкерлері басқа ІІО қызметтерімен бірлесіп, зардап шегушілерге көмек көрсету, қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай–ақ ТЖ аймағында бұзақылық фактілерін болдырмау мақсатында бекітілген бағыттар бойынша патрульдеуді жүргізеді.

6. ІІО бөліністеріне:

- 2) жүргізушілер мен азаматтарды қауіптілік және сақтықтың қажетті шаралары туралы ескерту;
- 3) құзыреттілік бөлігінде ЖКО фактісін тіркеу және орнын күзету, ТЖ аймағында қозғалысты уақытша шектеу және зақымдалған көлік құралдарын эвакуациялау;
- 5) ПП жасақшаларының қажетті санын ТЖ болған орындарға қою;
- 6) жолдарда ТЖ жою, оларды түбіне дейін жою бойынша жұмыстарды жүргізу барысында қоғамдық тәртіпті сақтауды және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

7. АҚО бөліністеріне:

- 7) халықты қауіпті орындардан қауіпсіз аудандарға шығару;
- 9) бұқаралық ақпарат құралдарында ТЖ туындау фактілері және жүргізіліп жатқан жұмыс туралы уақтылы жариялау жүктеледі.

Экологиялық кодекс. 18 бап. Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу

1. Жұртшылықтың мемлекеттік органдарда бар, оның ішінде олар шығарған немесе алған не мемлекеттік органның тапсырмасы бойынша әрекет ететін кез келген жеке немесе заңды тұлғаның иелігіндегі толық, анық және уақтылы экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар.
2. Экологиялық ақпарат иелері экологиялық ақпаратты осы Кодекстің 20–бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, сұрау салу бойынша беруге міндетті. Экологиялық ақпарат беру туралы сұрау салумен жүгінген өтініш берушіден оның осындай ақпарат алуға өз мүдделілігінің негіздемесін ұсынуды талап етуге ешкім де құқылы емес.
3. Мыналар:
 - 1) мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары мен мекемелері;
 - 2) қызметінің немесе көрсететін қызметінің қоршаған ортаға қатысы бар, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер;
 - 3) қызметінің немесе көрсететін қызметінің қоршаған ортаға қатысы бар квазимемлекеттік сектор субъектілері;
 - 4) өздері иеленетін экологиялық ақпарат бөлігінде – жеке және заңды тұлғалар экологиялық ақпарат иелері деп танылады.
4. Жұртшылықтың экологиялық ақпарат қамтылған, жалпыға бірдей қолжетімді мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарға еркін және тегін қол жеткізуге де құқығы бар.

405 бап. Жекелеген аумақтарды (акваторияларды) төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялау тәртібі

1. Төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зіл-зала аймағы деп жариялау болжанатын аумақты (акваторияны) зерделеу мақсатында комиссия құрылады.
2. Жергілікті атқарушы органдар мен өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:
 - 1) болжанып отырған қолайсыз экологиялық ахуал аумағында тұрып жатқан тұрғындардың;
 - 2) Қазақстан Республикасы Парламенті мен жергілікті өкілді органдар депутаттарының;
 - 3) коммерциялық емес ұйымдардың жолданымдары негізінде комиссия құруға бастама жасауға құқылы.
3. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді органдардың депутаттары, қоршаған ортаны қорғау, білім және ғылым, денсаулық сақтау, индустрия және сауда, энергетика және минералдық ресурстар, ауыл шаруашылығы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, тиісті әкімшілік–аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының өкілдері және басқа да мүдделі жеке және заңды тұлғалар кіреді.
4. Комиссия:
 - 1) аумақтың экологиялық жай–күйін;
 - 2) қолайсыз экологиялық ахуалдың туындау себептерін;
 - 3) сол немесе өзге дәрежеде тозған аумақтың шекараларын;
 - 4) болжамды қолайсыз экологиялық ахуалдың залалын, нашарлау мүмкіндігін;
 - 5) болжамды қолайсыз экологиялық ахуалды жою бойынша қажетті шараларды;
 - 6) туындауына негіз болған факторларды жою мақсатында қолайсыз экологиялық ахуалдың салдарын жоюға қажетті құралдарды;
 - 7) қолайсыз экологиялық ахуалдың туындауына негіз болған антропогендік қызмет түрлерін айқындау мақсатында материалдарды жинауды және талдауды жүзеге асырады.
5. Қолда бар материалдар жеткіліксіз болған жағдайда комиссия

тиісті мемлекеттік органға қосымша зерттеулер жүргізу қажеттігі туралы ұсыныс енгізеді.

6. Денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы уәкілетті органдардың қорытындысымен бірге аумақты зерттеп-қарау материалдары мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беріледі.
7. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысында аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық зілзала аймағы деп тану немесе танымау туралы тұжырым болуға тиіс.
8. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындылары негізінде аумақ:
 - 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен – төтенше экологиялық жағдай аймағы;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңымен – экологиялық зілзала аймағы деп жарияланады.
9. Осы баптың 8–тармағында санамаланған нормативтік құқықтық актілерде:
 - 1) төтенше экологиялық жағдай аймағының немесе экологиялық зілзала аймағының шекаралары;
 - 2) төтенше экологиялық жағдай аймағын немесе экологиялық зілзала аймағын жариялау мерзімдері;
 - 3) төтенше экологиялық жағдай аймағының немесе экологиялық зілзала аймағының құқықтық режимі;
 - 4) тиісті аумақтағы қолайсыз экологиялық ахуалды тұрақтандыру және оның деңгейін төмендету жөніндегі шаралар не оларды әзірлеу қажеттігін нұсқау;
 - 5) азаматтарды төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала салдарынан зардап шеккендер санатына жатқызу тәртібі және оларды әлеуметтік қорғау шаралары көрсетіледі.
10. Табиғи ресурстарды қалпына келтіру (молайту), қоршаған ортаның сапасын жақсарту, халыққа медициналық көмек көрсету

жөніндегі іс–шаралар сараланған түрде әзірленеді және жүзеге асырылады.

407–бап. Төтенше экологиялық жағдай аймағының немесе экологиялық зілзала аймағының құқықтық режимі

1. Белгілі бір аумақта төтенше экологиялық жағдай аймағының немесе экологиялық зілзала аймағының құқықтық режимі белгіленген жағдайда мынадай шаралар енгізілуі мүмкін:

4) карантин белгілеу және басқа да міндетті санитариялық–эпидемияға қарсы іс–шараларды жүзеге асыру;

6) келу және кетудің ерекше режимін белгілеу, көлік құралдарының жүрісін шектеу;



ҚОЛЖЕТІМСІЗ АҚПАРАТ

Ақпаратқа қол жеткізу журналистердің қауіпсіздігіне емес, жалпы сөз бостандығына қатысты. Ақпаратқа қол жетпесе, кем дегенде, жалған ақпарат тарату немесе жала жабу айыптауларынан өзіңізді қорғау өте қиын. Онсыз журналистік зерттеу жүргізу мүмкін емес, бірақ оның өзіндік ерекшеліктері бар.

Өзіңізді кез–келген айыптаудан қорғаудың ең сенімді жолы – барлық мүдделі тараптардың көзқарастарын беру. Мәселен, олар әрдайым БАҚ–пен сөйлесуге дайын емес. Заң бойынша редакцияның ресми сұрауына жауап беруге жеке немесе мемлекеттік ұйымға 2–ден 5 күнге дейін уақыт беріледі. 5 күн ішінде тақырыптардың көпшілігі маңызын жойып, журналистер жайына кетеді. Әрине, ресми жауап

Өзіңізді кез-келген айыптаудан қорғаудың ең сенімді жолы – барлық мүдделі тараптардың көзқарастарын беру

кешіктірілсе де, қызықты болатын жағдайлар бар. Кешіккен ресми жауап кейде маңызды болуы мүмкін. Бір, екі ай өткенде «бос» жауапта кәдеге асады. Бірақ ол жауаптың ақпараттық маңызы жоқ. Егер мұндай жауап уақытында берілсе де (немесе рекордтық мерзімде), оны пайдалану мүмкін емес, одан ешқандай пайда жоқ, бірақ формальды түрде мақаладағы баланс сақталады. Нәтижесінде материалға бір ғана көзқарас енеді, ал екінші жағынан бас тарту мазмұны бір жолға сәйкес келеді. Жағдайды дұрыс зерттемеді, басқа жақтың көзқарасын бермеді, кәсіби емес, т.б. деп айып тағып журналисті ауызша ғана кінәласа бұл белгілі бір дәрежеде жеке тілшінің де, бүкіл БАҚ-тың да беделіне әсер етуі мүмкін. Ал сотқа дейін жететін болса қиындығы көп.

Мәселе жауаптардың «мазмұны» мен «мазмұны жоқтығы» құқықтық ұғым емес. Бірақ кейбір жауаптардың ұсынылуы қазірдің өзінде факт. Сауатты кәсіби заңгердің көмегімен, әрине, сотта «тойтарыс» беруге болады. Бірақ мәселені кейінірек шешкеннен гөрі алдын-алу оңайырақ.

Кезінде журналистикада алтын және өте пайдалы ереже болған:

Кезінде журналистикада алтын және өте пайдалы ереже болған: егер ақпарат үш түрлі дерек көзімен расталса, сенімді деп саналды

егер ақпарат үш түрлі дерек көзімен расталса, сенімді деп саналды. Бұл үш түрлі адам дәл солай екенін растауға ант беруі керек дегенді білдірмейді. Бұл құжаттар, фотосуреттер, түсініктемелер, аудио немесе бейне жазбалар болуы мүмкін. Өкінішке орай, қазіргі уақытта ескі мектептің журналистері болмаса бұл ережені ұстанатындар аз. Бұның объективті себептері бар. Өмір ырғағы өзгеруде, мақаланы немесе әңгімені дайындауға енді күндер мен апталар емес, сағаттар мен минуттар беріледі. Өзгеріссіз қалатын жалғыз нәрсе – бұл сіздің сөздеріңізді құжаттармен растау.

Егер баспасөз қызметі жауап бермесе немесе нақты жауаптың орнына «Үлкен театрда ғарыш кемесі қалай ұшатыны» туралы хабар берсе не істеу керек? Басқа көздерден ақпарат алыңыз.

Көпшілікке қолжетімді ашық көздерде ақпарат бар. Ол веб-беттердің барлық мүмкін формаларында табылуы және сақталуы ке-

рек. Иә, ең сенімдісі – бұл нотариалды куәландырылған скриншот. Куәландырылмағанды сот дәлел ретінде мойындамауы мүмкін. Бірақ кейбір нотариус скриншоттарды куәландырмайды, ал кейбірі жағдайды пайдаланып, осы қызмет үшін қымбат баға сұрауы да мүмкін. Кәдімгі скриншотты Photoshop–пен келтірілген деп күдіктенуге болады. Бірақ егер бұл бет jpg немесе png форматындағы скриншот ретінде, толықтай html–де веб–бет ретінде, тіпті pdf файлы ретінде сақталса, біреулер оны өзгертті деп жариялау негізсіз болады. Бұл кепілдік емес, бұл тек қауіпсіздік. Мұны білген ешқашан артық болмайды.

Егер сіз белгілі бір ұйымға ресми сұрау жіберген болсаңыз, онда оны материалда көрсету артық болмайды. Осылайша сіз қажетті ақпаратты алу үшін мүмкін болатын барлық нәрсені жасағаныңызды тағы бір рет растайсыз. Ірі ақпараттық агенттіктердің материалдарында «Компания редакцияның сұрауына әлі жауап берген жоқ» немесе «Компания бұл туралы әлі ресми түсініктеме берген жоқ» деген тіркестер жиі кездеседі.

Ақпаратқа қолжетімділік шектеулі болса, фактілерді қайдан алуға болады? Біріншіден, іздеу жүйелері арқылы. Иә, сізге көптеген сайттарды «қопарып» шығуға тура келеді. Мемлекеттік органдар мен бизнес–қауымдастықтардың веб–сайттарынан көптеген пайдалы ақпаратты таба аласыз. Әлеуметтік желілерді де назардан тыс қалдыруға болмайды, дегенмен ондағы ақпарат сенімді емес, ал аккаунттар жалған болуы мүмкін. Сізге қажет адамның нақты беті лақап атпен (бүркеншік атпен) тіркелуі мүмкін, сондықтан сізге қажет адам екенін дәлелдеу қиын болады. Компаниялардың парақтары мен аккаунттары, әрине, лақап аттармен тіркелмеген. Олардың мақсаты – жарнамалық ақпаратты жеткізу. Сондықтан жасырудың қажеті жоқ.

Мұның бәрін әлі де қолдануға болады. Алайда, осы кітапты жазу кезінде Қазақстанда «ұмыту құқығын» енгізуді белсенді түрде талқылап жатыр. Егер біреу ол туралы жарияланған ақпараттың маңызы жоқ деп ойласа, ол оны жоюды талап етуі мүмкін. Бұл журналистердің маңызды ақпаратқа қол жеткізуін айтарлықтай шектейді және журналистік зерттеулерді жүргізуді қиындатады.

Сонымен қатар, ақпарат алудың заңды және заңсыз жолдары бар.

Заңды жолы – бұл сұраулар жіберу, түсініктемелер, пікірлер, ашық көздерден алынған мәліметтер. Әдетте, егер сіз оларды қолдана алсаңыз сол жеткілікті. Менің білуімше, бізде заңсыз әдістерді ешкім пайдаланбайды. Оларға компьютерлік бұзу, кез–келген құжаттарға рұқсатсыз қол жеткізу (мысалы, ұрлық), құпия бейне немесе аудио жазбалар және т. б. жатады. Сондай–ақ, жария етуге болмайтын ақпарат бар. Мысалы, жеке өмір құпиясына, медициналық диагноздарға, тергеу құпиясына, банк құпиясына және т.б. қатысты. Мұндай ақпарат бөгде адамдардың қол жеткізуінен қорғалуы тиіс. Бірақ егер ол кенеттен журналистің қолына түссе, алдымен оны пайдалану заңды ма, жоқ па, соны мұқият ойластырған жөн.

Ақпаратқа қол жеткізуді шектеудің салыстырмалы түрде жаңа, бірақ әйгілі әдісі – «титушкаларды» қолдану. Бұған дейін Қазақстанда бұндай бірнеше жағдай болған. Оның мәні – журналистерге ағымдағы оқиғаларды кез–келген тәсілмен көрсетуге жол бермеу. Титушкалар кез–келген қол жетімді құралдарды қолдана отырып камераның объективін жабады (мысалы, қолшатырлар, бірақ бұл басқаша болуы мүмкін), олар журналистерді бас салады, камераларды, дыбыс жазғыштарды және телефондарды тартып алады. Журналистер мен тараптар арасындағы қақтығыстар бұған дейін де кездескен. Титушкалардың қарсы әрекеттері баспасөз конференциясы немесе наразылық шеруіне қатысушыларға емес, журналистерге қарсы бағытталған. Әрине, бұл журналистердің кәсіби қызметіне кедергі, ақпаратқа қол жеткізуіне де әсер етеді.

Тағы бір жаңашылдық – кеттинг әдісі. Полиция кез–келген акцияға қатысушыларды сақина тәріздес жан–жақтан қоршап алады. Бұл жағдайда тек құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің арқасын суретке түсіру мүмкін болады. Наразы топтың талабын жазу мен тыңдау мүмкін емес. Егер оларда дауыс зорайтқышы болса, онда бұл жағдайда қарсы шара қолданылады – үлкен динамиктермен қатты музыка қосылады. Менің ойымша, егер мемлекеттік органдардың өкілдері жергілікті жерде неге талаптарды негізсіз деп санайтыны туралы дәлелді түсініктемелер берсе, бұл әлдеқайда тиімді болар еді.

Редакция үшін үлкен қиындықтардың бірі – сауалдарға жауап алу.

Мемлекеттік және жеке ұйымдар бірнеше ай ішінде жауап бере алады, олар жолданған сұрақтарды елемей қояды. Белгілі бір сұрақтарға жауап бермей, қызығушылық тудырған мәселеге қатысы, ақпараттық күші жоқ жалпылама фразалардың жиынтығын жібереді.

Редакция үшін үлкен қиындықтардың бірі - сауалдарға жауап алу

Мәселен, 2018 жылғы тамызда әуежайлардың бірінің басқарма төрағасы сауалға жауап бермегені былай тұрсын, журналистке мұны істеуге міндетті емес екенін мәлімдеді. Өйткені, газет бақылаушы мемлекеттік орган немесе олардың кәсіпорнының акционері болып табылмайды және сауалға жауап беру үшін қандай да бір мерзімдерді белгілеуге құқығы жоқ екенін айтты.

Шындығында, газет ешқандай талап орнатпады. Сұрауға жауап беру мерзімін ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы белгіледі. Ал әуежай басшылығы ашық құқықтық сауатсыздықты көрсетті.

Тағы бір анекдоттық оқиға 2019 жылдың шілде айында Атырау облысында орын алды. АТPress.kz сайтының қызметкері облыс әкімдігінің кеңсесіне облыс әкімінің орынбасары Серік Шапкеновтің атына жазбаша сұрау салды. Облыс әкімдігінің кеңсесі журналист жолдаған сұрауда «әкімнің орынбасары» деп көрсетілген «әкімнің бірінші орынбасары» деп жазу керек деген сылтаумен қабылдаудан бас тартты.

Егер сауалдарға жауап беру мерзімдері заңмен анықталса, онда ақпарат беруден бас тартуға мұндай нәрселер негіз болмау керек.

Бұнымен бітпейді. Пандемия басталысымен және баспасөз конференциялары мен брифингтерін онлайн режимге көшірумен мемлекеттік органдарға журналистерді сөзден айыру әлдеқайда оңай болды. Офлайн баспасөз конференциялары кезінде кезегі келген журналистке сұрақ қойдырмау қиын болды. Әділетсіздікке ренжіген әріптесін барлық басқа журналистер қолдауы мүмкін. Егер спикер әңгімені басқа жаққа бұруға тырысса, олар әріптесінің сұрағына ақпараттық жауап талап ете алады. Онлайн режимде әлі де кезекте көптеген журналистер бар деп, ұнамайтын репортердің микрофо-

нын өшіруге салу жеткілікті. Жүргізушілер өздерінің брифингтерінде үнемі осылай жасайды. Ол жақсы көретін тағы бір цензура құралы – брифинг тақырыбы. Егер сұрақ «тақырып бойынша болмаса», онда журналистің микрофонын өшіреді немесе оны эфирден мүлдем шығарып жібереді. Бұрын журналистердің спикерге баспасөз конференциясынан кейін «орынсыз» сұрақтар қою мүмкіндігі болатын. Ал брифингтен кейін Zoom–да мұны қалай жасауға болады? Өкінішке орай, жасай алмайды!

Ведомстволық чаттарға қол жетімділіктің жағдайы жақсы емес. Журналистің нөмірін мемлекеттік органның WhatsApp чатына енгізу үшін көптеген құжаттармен осы мемлекеттік органда ресми аккредиттеу қажет. Бірақ тілшілерді чаттан «ұнамағаны» үшін өшіріп тастайды. Көп сұрақ қояды немесе этикаға жатпайды деп шығарып тастайды.

2021 жылғы 9 сәуірде Орталық коммуникациялар қызметінде ҚР вице–премьер министр Ералы Тоғжановтың баспасөз конференциясы өтті. Баспасөз конференциясының тақырыбы «Саяси қуғын–сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік және өңірлік комиссиялардың (филиалдардың) ағымдағы жұмысы туралы» болды. Соған қарамастан, вице–премьерден журналистердің кейбірі қуғын–сүргінге қатысы жоқ сұрақтар сұрады. Бір журналист қазақстандық коронавирусқа қарсы вакцина туралы, оның әріптесі Кенесары ханның басы туралы сұрақ қойды. Бірақ Informburo.kz сайтының тілшісі Серікжан Мәулетбайдың сұрағы пандемияға қатысты екенін білгеннен кейін модератор оны «баспасөз конференциясының тақырыбынан тыс мәселе» үшін эфирден ажыратқанын хабарлады.

Мүмкін, біреу оны модерация деп атайды, бірақ менің ойымша, бұл шын мәнінде ашық «цензура».

Не істеу керек?

- Бір ақпарат көзімен шектеліп қалмаңыз.
- Жалпыға қолжетімді деректермен жұмыс жасай білу.
- Баспасөз конференцияларында баспасөз қызметтері мен спикерлерге сұрақтар қойыңыз.

- Редакциялық сұрауларды жазыңыз.
- Аудио және бейне жазбаларды сақтаңыз және скриншоттар жасаңыз.
- Өз құқығыңызды қорғаңыз және оларды бұзғандарды жауапкершілікке тартуға тырысыңыз.

Заң не дейді?

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 20 –бап.

1. Сөз бостандығы мен шығармашылыққа кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.
2. Өркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 456–1 бап. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу

1. Жауаптылығы осы Кодекстің басқа баптарында көзделген әрекеттерді қоспағанда, ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпарат пайдаланушының сұрау салуы бойынша берілуге жататын жағдайларда мұндай ақпаратты беруден құқыққа сыйымсыз бас тарту не көрінеу жалған ақпарат беру – лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады

2. Көрінеу жалған ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, ақпарат иеленушінің интернет–ресурсында, ашық деректер интернет–порталында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен орналастыру – лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.


3. Осы Кодекстің 504–бабының үшінші бөлігінде көзделген

әрекеттерді қоспағанда, қол жеткізу шектелген ақпарат болып табылмайтын ақпаратты қол жеткізу шектелген ақпаратқа құқыққа сыйымсыз жатқызу –

лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, өкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.



ТЫМ ҚОЛЖЕТІМДІ АҚПАРАТ

Басылымдардың бір-біріне деген шағымдары неге жиі кездеседі? Бұл плагиатқа немесе плагиатқа күдіктенуге байланысты. Бір басылым басқа БАҚ-тың мақаласын қайта басып шығарып, оны өзікі сияқты тарататын жағдайлар болады. Бұл жерде әрине, үлкен аналитикалық материалдарды немесе сұхбаттарды ұрлау туралы емес. Әдетте «ұсақ-түйек» материалдарды ұрлайды. Бір басылымның журналисі жүздеген сайттарды қазып, олардың бірінде шынымен қызықты нәрсе тапты делік. Ал басқа БАҚ бұл ақпаратты көшіріп алады, бірақ әріптестеріне емес, бастапқы дереккөзге сілтеме жасайды. Әдептілік үшін тақырыбын өзгертеді. Ал не болды? Бұл пресс-релиз болып шығады?

Мұндай пікірді ұстанатындар шынымен де таңертеңнен кешке дейін пресс–релиздерді іздеп, өңдеп отырғысы келеді. Оларға бұл үшін ақы төлемейді, өйткені олар бәрібір жұмыс істеді деп саналмайды. Тек мұнда еңбек заңнамасы басқаша пікірде ... Бақытымызға орай, олардың саны аз, ал көпшілігі аз да болса, басқалардың еңбегін құрметтейді.

Бұл қалай жүзеге асады – біреу әріптестерінен қызықты ақпаратты көрді, бірақ ол өңделген материалды алып қана қоймай, дереккөзге сілтеме бойынша өтіп, жаңалықты өзі жазды. Бұл адал әрекет емес сияқты көрінуі мүмкін, бірақ «бәрі мұны істейді» және бұл жазаланбайды. Жаңалықтар лентасы шығармашылық қызметтің жемістері-

Сайтты пайдалану ережелері, әдетте, заңды тұрғыдан ең қызықты ақпаратты қамтиды

не ресми түрде қатысы жоқ, олар заңмен қорғалмайды, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңы осылай дейді. Ақпараттық сипаттағы оқиғалар мен фактілер туралы хабарламалар авторлық құқық объектілері бо-

лып табылмайды. Егер бұл жағымсыз болса әрі басқа басылымдағы «сіздің» ақпарат көшірек жариялағанын қаласаңыз, мақаланың сілтемесін немесе әлеуметтік желідегі жазбаны берудің қажеті жоқ. Сіз сайттың басты бетіне сілтеме, пайдаланушы аккаунтын бере аласыз. Егер сіз материалдарды қолдану ережелеріне мұқият қарасаңыз, мүмкін, белгілі бір мақала үшін емес, басылым үшін «Қайта басып шығару кезінде басылымға сілтеме қажет» деп жазылады.

Айтпақшы, сайтты пайдалану ережелері, әдетте, заңды тұрғыдан ең қызықты ақпаратты қамтиды. Кейбір бұқаралық ақпарат құралдары олардың материалдарын бүкіл интернетте таратуға қарсы емес, ең бастысы олардың атауы немесе белсенді гиперсілтемесі көрсетілсе болды. Бұл брендті танытуға, дәйексөз индексіне және белгілі бір дәрежеде трафикті арттыруға көмектеседі. Алайда, ірі маңызды басылымдар редакцияның жазбаша келісімінсіз өз материалдарын пайдалануға тыйым салады. Олар жаңалықтардың тез бұзылатын өнім екенін жақсы түсінеді және жазбаша рұқсат алу үшін уақыт қажет. Осылайша, рұқсат алу үшін «шұғыл емес» адамдар ғана хабарласады.

Өкінішке орай, барлық журналистер, тіпті редакторлар мұндай ескертулерді оқымайды. Бір елдің ішінде қызықты жаңалықты кім «ұрлағанын» бақылау қиын емес. Жақсы басылымдар бәсекелестердің жазғанын мұқият қадағалайды. Жымқырылған жағдайда қоңырау шалып, алдағы уақытта қайталамауды ескерткен өтінішпен аяқталады.

Мақаланың немесе кескіннің қай жерден көшірілгенін көрсету әрдайым жеткіліксіз

Шетелдік басылымдар көбінесе авторлық құқықты әлдеқайда маңызды деп санайды. Олардың материалдарын «адал ұрлағандар» не жазғанын түсіну қиынға соғады, Аудармашы қажет болуы мүмкін, редактормен байланысу қиынға соғады. Егер басылыммен байланысса, олар ұрланған мақаланы алып тастауды талап етіп, сотпен қорқытады – бұл мәселені шешудің ең оңай жолы. Егер олар сотқа жүгінсе, бәрі әлдеқайда қиын болады. Төлеуге тура келетін сома редакциядағы жиһазбен және қызметкерлерді қосқандағыдан көп болуы мүмкін. Егер ол бұған жетпесе де, бәрін бейбіт жолмен шешу өте қиын болады.

Өз ақпаратыңды қорғаудың көптеген әдістері бар. Бұрын сайтта көшіруден қорғайтын бағдарламалар пайдаланылған, бірақ оны айналып өту оңай болғандықтан, бұл әдісті қолданбайтын болды. Мәтінге көптеген фотосуреттер, бейнелер немесе баннер жарнақтарын қосып сұйылтуға болады. Егер біреу өзі жазуға жалқау болса, онда ол бір уақытта екі немесе үш сөйлемнен тұратын мәтінді көшіргісі келмейді. Бірақ ең сенімді әдіс – сайтты жасау кезінде көшірілген мәтінмен бірге автоматты түрде пайда болатын ұрлаудың жақсы еместігі туралы ескерту. Материалды дереккөзге сілтеме жасамай пайдалануға тыйым салу немесе мүлдем пайдалануға тыйым салу. Бұл жағдайда әуесқой біреудің еңбегіне байланысты пайда табу өте қиын әрі ол сайтты пайдалану ережелерін білмейтінін дәлелдеуге болады.

Тағы бір қызықты сәт – бұл фотосуреттер мен бейнелер. Бұл жағдайда олар мәтіннен еш айырмашылығы жоқ. Бұл қарызға алуға болатын немесе жоқ материал. Мақаланың немесе кескіннің қай жерден көшірілгенін көрсету әрдайым жеткіліксіз.

Айтпақшы, фото туралы. Кейбір басылымдардың басқа адамдардың иллюстрациялық материалдарын қою әдеті таңқалдырады. Егер бұл фотосурет қандай да бір мысалы, наразылық акциясынан болса түсінуге болады. Оны ауыстыру (мүмкін болса да) қиын. Ауа-райы туралы фотосуретті қалай ұрлауға болады? Интернетте көптеген ресурстар бар. Суреттерді заңды және тегін алуға болады. Мысалы, Pixabay, Freerick және т.б. Adme.ru сайтында мұндай ресурстардың «70 ресурс тегін фотосуреттері» деп аталатын толық таңдауы бар. Пайдаланыңыз, өйткені басқа адамдардың авторлық құқығын бұзу жақсы емес. Бұл жағдайда журналист үшін тек жалқаулық пен надандық қауіпті.

Алайда, басқа да жағдайлар бар. Кофеден аузы күйген қарт әйелдің фаст-фуд кафесін сотқа беріп жергілікті валютада бір-екі миллионды тез тауып алуға шешім қабылдағаны туралы әңгімелерді естіген шығарсыз. Әйгілі фотографтардың бірінің тәжірибесінде мынадай жағдай болды: бір топ адамдар суретке түседі. Барлығы алдын ала, олармен және басшыларымен келісілді. Алайда, біраз уақыттан кейін олардың бірі келісім-шартқа жеке қол қойғанын ұмытып, суретін оның келісімінсіз пайдаланғаны үшін сотқа жүгінді. Әрине, бәрі фотографтың және ол жұмыс істеген басылымның пайдасына шешілді.

Журналистің авторлық құқығын редакция да бұзуы мүмкін. Қазір мұндай жағдайлар аз кездеседі. Басылым журналистпен келісімге қол қоймайынша, оның шығармаларына барлық құқықтар оған тиесілі. Егер автор редакциямен ынтымақтасса, онда оның артында тек мүліктік емес құқықтар қалады, өйткені ол өз жұмысы үшін ақша алады (немесе егер ол мақалаларын берсе немесе алданып қалса). Мүліктік емес құқықтар дегеніміз не? Бұл мақалада (немесе кез-келген басқа шығармада) көрсетілген автордың аты. Меншік құқығы – бұл авторға төленетін ақша. Көбінесе жаңалықтар жазбаларында автордың аты көрсетілмейді, тек басылымның атауы көрсетіледі. Алайда, кейде кейбір басылымдар журналистің жазған немесе түсірген нәрселерін ғана емес, олардың өзін меншігі деп санайтын сияқты. Бірақ бұл еңбек қатынастары мәселесі.

Меншік құқығы айрықша және айрықша емес болып бөлінеді. Егер біз кітап, фильм, ән және т.б. туралы айтатын болсақ, онда автор

баспаға, телеарнаға және т.б. айрықша емес құқықтар, яғни ол өз жұмысын басқа біреуге сата алады. Бұл журналистикада әрқашан жұмыс істемейді. Бір мақаланы бірнеше ақпарат құралдарында жариялау мүмкін емес. Айрықша деректі фильмдер, телебағдарламалар топтамасы және кейбір жағдайларда фото болуы мүмкін – бәрі оны тарататын телеарнамен немесе оны жариялайтын басылыммен келісім–шарт бойынша келісіледі.

Ең мықты идеялардың авторлық құқығы таратылмайды, қалай болғанда да журналистикада қолданылмайды. Кез-келген жақсы идеяны тек бір рет қолдануға болады. Ал екінші рет ол оғаш көрінуі мүмкін. Мынадай нақты бір жағдай болды. Бір журналда «Егер бас ауырса, мүмкін бұл гайморит» деген атпен кезекті мақала жарық көрді. Мақаламен бірге қолында осы журналды ұстаған маманның суреті басылды. Келесі санында әртүрлі тілшінің «Егер құлағыңыз ауырса, мүмкін бұл отит», «Көзіңіз ауырса, мүмкін бұл конъюнктивит», «Егер аяғыңыз ауырса, мүмкін бұл артрит» деген тақырыптармен бірнеше мақала қатар жарық көрді. Бір позада қолдарына журнал ұстап тұрған спикерлердің фотосы тағы бірге басылды. Әрине, бұл жерде авторлық құқықты бұзу туралы айту мүмкін емес еді. Бірінші мақаланың авторы бұл «тапқырлыққа» мүлдем ренжіген жоқ, тек күлді.

***Ең мықты идеялардың
авторлық құқығы
таратылмайды, қалай
болғанда да журналистикада
қолданылмайды***

Бір басылымда балалар үйі туралы мақала дайындалды. Фотограф мақалаға өте әсерлі сурет түсірді. Көңілсіз бала терезеден қарап тұр. Бас редактордың орынбасары терлеп тұрған әйнекке жазылған «ана» сөзін қосуды ұсынды. Фотограф суретті тағы бір басылымға сатқан кезде, ол авторлық құқығын бұзғаны үшін оны сотқа беруге тырысты. Қуанышқа орай, бас редактор неғұрлым кәсіби болып шықты және өзінің газетіне фотосуретке эксклюзивті құқықтарды алу үшін көп ақшасы жоқ екенін түсіндірді.

Қалай болғанда да, біреудің жұмысын «интернеттен адал ұрладан» бұрын, сіз мұны қандай жағдайда жасауға болатындығын сұрауыңыз керек.

Не істеу керек?

- Басқа адамдардың мәтіндерін ұрламаңыз.
- Сайт материалдарын қолдану ережелерін мұқият оқып шығыңыз.
- Егер ақпарат қажет болса, оны қайта басып шығаруға рұқсат керек болса редакцияға хабарласыңыз.
- Арнайы фотосуреттерді түсіргенде, модельдермен келісім жасаңыз немесе олардың бейнесін пайдалануға рұқсат беретіні туралы қолхат алыңыз.
- Ынтымақтастық шарттарын дереу мүмкін болса жазбаша түрде редакциямен талқылаңыз. Егер ешқандай келісім болмаса, арадағы хаттарды сақтаған жөн.

Заң не дейді?

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңы

II тарау. Авторлық құқық

5 бап. Авторлық құқықтың қолданылу аясы

1. Осы Заңға сәйкес авторлық құқық:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған не жарияланбаған, бірақ авторлардың немесе олардың құқықтық мұрагерлерінің азаматтығына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында қандай да болсын объективті нысанда болатын туындыларға қолданылады;
 - 2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және Қазақстан Республикасының азаматтары – авторлары және олардың құқықтық мұрагерлері деп танылады
 - 3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және авторлардың (олардың құқықтық мұрагерлерінің) – шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес авторлық құқығы бар деп танылады.
2. Егер туынды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде алғаш жарияланған күннен кейінгі отыз күн ішінде Қазақстан

Республикасының аумағында жарияланса, ол Қазақстан Республикасында жарияланды деп саналады.

3. Қазақстан Республикасы аумағында туынды халықаралық шарттарға сәйкес қорғалатын болған жағдайда туындының авторы авторлық құқықты алуға негіз болған іс-әрекет немесе мән-жай орын алған мемлекеттің заңы бойынша анықталады.
4. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес, егер ол Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттың ережелері бойынша айқындалатын туындының шыққан елінде авторлық құқықтың осы елде белгіленген қолданылу мерзімінің бітуінің салдарынан қоғам игілігіне айналмаса және авторлық құқықтың қолданылу мерзімінің бітуінің салдарынан Қазақстан Республикасында қоғамның игілігіне айналмаса, туындыға қорғау беріледі.

6-бап. Авторлық құқық объектісі. Жалпы ережелер

1. Авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады.
2. Авторлық құқық белгілі бір объективті түрге ие болған:
 - 1) жазбаша (қолжазба, машинкаға басылған, нотаға жазылған және сол сияқты);
 - 2) ауызша (көпшілік алдында айтушылық, көпшілік алдында орындаушылық және сол сияқты);
 - 3) ұнжазба немесе бейнежазба (механикалық, сандық, магниттік, оптикалық және сол сияқты);
 - 4) бейнелеу (сурет, нобай, көркемсурет, жоспар, сызба, кино, телебейне – немесе фотокадрлар және сол сияқты);
 - 5) көлемді – кеңістікті (мүсін, үлгі, макет, ғимарат, және сол сияқты);
 - 6) өзге де нысанда жария болған да (жарияланған, жарыққа шыққан, баспадан шыққан, көпшілік алдында орындалған, көпшілік алдында көрсетілген), жарияланбаған да туындыларға қолданылады.
3. Заңның осы бабының 1-тармағында аталған белгілері бар және

дербес қолдануға болатын туынды бөлігі (оның атауымен, кей-іпкерлердің атауларымен қоса) авторлық құқық объектісі болып табылады.

4. Авторлық құқық идеялардың, тұжырымдамалардың, принциптердің, әдістердің, жүйелердің, процестердің, жаңалықтардың, фактілердің өздеріне қолданылмайды.
5. Туындыға деген авторлық құқық туынды жасалған материалдық объектіні меншіктену құқығымен байланысты емес.

Қандай да болсын материалдық объектіге меншік құқығын немесе иелену құқығын беру, осы Заңда көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы объектіде көрсетілген туындыға авторлық құқықтың берілуіне әкеп соқпайды.

7–бап. Авторлық құқық объектілері болып табылатын туындылар

1. Мыналар авторлық құқық объектілері болып табылады:
 - 1) әдеби туындылар;
 - 2) драмалық және музыкалық–драмалық туындылар;
 - 3) сценарий туындылары;
 - 4) хореография және пантомима туындылары;
 - 5) мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар;
 - 6) дыбыс–бейнежазу туындылары;
 - 7) кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары;
 - 8) қолданбалы өнер туындылары;
 - 9) сәулет, қала құрылысы, дизайн және бау–саябақ өнері туындылары;
 - 10) суретке түсіру туындылары және суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар;
 - 11) карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірулер және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар;
 - 12) ЭЕМ–ге арналған бағдарламалар;
 - 13) өзге де туындылар.
2. ЭЕМ–ге арналған бағдарламаларды қорғау ЭЕМ–ге арналған бағдарламалардың (соның ішінде операциялық жүйелердің)

бастапқы мәтін мен объектілік кодты қоса алғанда, кез-келген тілде және кез-келген нысанда жасалуы мүмкін барлық түріне қолданылады.

3. Авторлық құқық объектілеріне мыналар да жатады:

1) туынды шығармалар (аудармалар, өңделген дүниелер, аннотациялар, рефераттар, түйіндер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық өңдеулер және басқа да ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларын өңдеулер);

2) жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және материалдарының іріктелуі және (немесе) орналасуы жағынан шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын басқа да құрама туындылар.

Туынды және құрама шығармалар, өздерінің негізге алынған немесе өздеріне енген туындылардың авторлық құқық объектілері болу болмауына қарамастан, авторлық құқықпен қорғалады.

*8-бап. Авторлық құқық объектілері болмайтын туындылар
Мыналар авторлық құқық объектілері болмайды:*

1) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң әкімшілік, сот сипатындағы және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;

2) мемлекеттік нышандар мен белгілер (жалаулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік нышандар мен белгілер);

3) халық шығармашылығы туындылары;

4) оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар.

9-бап. Авторлық құқықтың пайда болуы. Авторлықтың презумпциясы

1. Ғылым, әдебиет және өнер туындысына авторлық құқық оның жасалу фактісіне қарай туындайды. Авторлық құқықтың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу, туындыны өзге де арнайы ресімдеу немесе қандай да болсын шарттылықты сақтау талап етілмейді.

Өздерінің айрықша мүліктік құқықтары туралы хабарлау үшін автор және (немесе) құқық иеленуші авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануға құқылы, ол белгі туындының әр данасына қойылады және міндетті түрде мынадай үш элементтен тұрады:

- 1) қоршауға алынған латынша «С» әрпі;
- 2) айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы);
- 3) туындының алғаш жарияланған жылы.

Автор жарияланбаған туындыға жеке мүліктік емес құқықтарын куәландыру үшін авторлық құқықтың қорғалатын мерзімі ішінде кез келген уақытта қажетті мәліметтерді осы Заңға сәйкес Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізуге құқылы.

2. Өзге де дәлелдеме болмаған кезде туындының түпнұсқасында немесе данасында автор ретінде көрсетілген адам туындының авторы – авторлықтың презумпциясы деп есептеледі.

Авторлықтың презумпциясы тек автордың өзіне қатысты ғана қолданылады.

3. Туынды жасырын немесе бүркеншік атпен жарияланған жағдайда (автордың бүркеншік аты оның өзі екеніне күмән туғызбайтын жағдайды қоспағанда), туындыда есімі немесе атауы көрсетілген баспагер өзге дәлелдер болмаған кезде осы Заңға сәйкес автордың өкілі болып табылады және оның өкіл ретінде автордың құқығын қорғауға, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге құқығы бар. Бұл ереже сондай туындының авторы өзінің кім екенін ашқанша және өзінің авторлығын мәлімдегенше қолданыла береді.

***ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңы. 4–тарау.
Бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтармен және ұйымдармен қатынасы***

17–бап. Авторлық туындылар мен хаттар

1. Редакция, интернет–ресурстың меншік иесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес авторлық, сабақтас және зияткерлік меншікке өзге де құқықтарды қоса алғанда, зияткерлік меншік құқығының пайдаланылатын объектілеріне,

сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге және қорғауға құқықтарды сақтауға міндетті.

2. Пайдаланушылар интернет-ресурста орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын жариялау кезінде олардың мәтінін мазмұнының мағынасын бұрмаламай қысқартуға және редакциялауға жол беріледі.
3. Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, бұқаралық ақпарат құралы редакциясын ол қабылдамай тастаған материалды жариялауға міндеттеуге ешкімнің құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған мәліметтерді қамтитын, интернет-ресурста пайдаланушылар орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға жол берілмейді.



БІЗ КОДЕКСТІ ҚҰРМЕТТЕУІМІЗ КЕРЕК...

Мамандығына қарамастан кез–келген адамның заңдық сауатты болу өзі үшін маңызды. Бұл көптеген проблемаларды болдырмауға және қиындықтардан қорғауға көмектеседі. Бұл түсінікті және қисынды болып көрінеді. Бірақ біздің отандастарымыздың құқықтық нигилизм деңгейі қорқынышты. Оны «Сот» тақырыбына арналған сериалдарды көп көрген есік алдында отыратын әжелер өздерін заң ғылымдарының докторы деп санай бастайтынынан түсінуге болады. Кейбір білімді адамдар Перри Мейсон туралы кітаптарды оқу жеткілікті деп санайды (ол туралы ескі, бірақ өте жақсы сериалдарды қараңыз). Аты аңызға айналған адвокат Федор Плевако боп шыға келесіз. Бірақ журналист үшін мұндай тәсіл қабылданбайды.

Ешкім бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеу үшін тағы бір

жоғары білім – заңгерлік білім алу керек (бірақ бұл артық болмайды) деп талап етпейді. Бірақ, кем дегенде, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңды білу керек. Оның барлық мақалалары тістеніп кетпеуі керек (мысалы, қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың БАҚ–ты реттеу саласындағы құзыреті туралы тарауды қайта оқуға болады). Бірақ, журналист негізгі ережелерді үтір нүктесіне дейін болмаса да, жалпы мәтінді білуі керек.

*Кем дегенде,
«Бұқаралық ақпарат
құралдары туралы»
заңды білу керек*

– Егер «мен бәрін білемін!» десеңіз, бірнеше маңызды сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз:
– Басылымды «мерзімді» деп санау үшін аптасына, айына немесе жылына неше рет шығару керек?

– Редакция өз бетінше сұрау салуда оған қандай мерзімде жауап беру керектігін көрсете ала ма?

– Терістеу немесе жауап көлемі жоққа шығаратын немесе жауап беретін мақаладан (сюжеттен) үлкен болуы мүмкін бе?

– Мақаланы теріске шығару немесе жауап қандай мерзімде жариялануы тиіс?

– Журналисті тіркеген мемлекеттік орган оны іс–шараға жібермеуі мүмкін бе?

– БАҚ туралы заңда редакциялық куәлік қандай болуы керектігі және онда қандай мәліметтер болуы керектігі көрсетілген бе?

– Қандай жағдайларда жеке немесе коммерциялық ақпаратты таратуға болады?

– Теріске шығаруды жариялаудан бас тартуға бола ма?

Егер сіз бұл сұрақтарға бірден дұрыс жауап бере алсаңыз, онда сіз БАҚ туралы заңды жақсы білесіз. (Жауаптардың дұрыстығын қалай түсінуге болады? Төменде БАҚ туралы заңнан үзінділер бар, бәрін сол жерден көруге болады). Бірақ бұл әлі де жеткіліксіз. Бұл кітапта үзінділер берілген басқа да заңдар, кодекстер, ережелер бар.

Егер әлемде заңгерлер көп болса, журналист неге мұның бәрін білуі керек? Уайымдамаңыз, олар жұмыссыз қалмайды. Ақымақтық жасап, оны кейін түзетуге қарапайым құқықтық білім керек болады. Ия, бұл уақытты қажет етеді, ал уақыт журналистерде мәңгі жетіспейді. Бірақ оқымайтын адам жетілмейді, ал жетілмеген адам тоқырайды (бұл тек заңды ғана емес, кез–келген білімге қатысты).

Не істеу керек?

- Барлық заңдар мен кодекстерді жаттауға тырыспаңыз (бұл мүмкін емес), нені қайдан іздеу (қай заңда немесе кодексте) керектігін үйреніңіз.
 - Журналист жұмысына тікелей қатысты заңдар мен кодекстердің ережелерін басып шығарыңыз немесе бөлек файлға сақтаңыз.
 - Рұқсат беретін, тыйым салатын, бір нәрсені міндеттейтін ережелерді әр түрлі түстермен белгілеңіз.
 - Өзіңізге екі бағаннан тұратын кесте жасаңыз: онда жасауға «Болатын» және «Болмайтын» заңдар мен кодекстен тиісті үзінділерді жазыңыз.
 - Көбінесе заңдар мен кодекстерге, немесе, ең болмағанда, Конституцияға қараңыз (егер Конституцияда бірдеңе мүмкін десе, онда заңда бұл мүмкін емес деп айтуға болмайды).
- Көбінесе заңдар мен кодекстерге, немесе Конституцияға жүгініңіз (егер Конституцияда бірдеңе мүмкін десе, онда заңда бұл мүмкін емес деп айтылмайды).

Заң не дейді?

ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы

2–бап. Сөз бостандығы, ақпарат алу және тарату

1. Сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі.

Цензураға тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

2–1. Бұқаралық ақпарат құралдары терроризмге қарсы іс-қи-

мылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге міндетті.

3. Мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, сондай-ақ қатыгездікті, зорлық–зомбылықты және порнографияны насихаттауға тыйым салынады.
4. Бұқаралық ақпарат құралын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

Ескертпе. Осы Заңның мақсаты үшін бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау деп Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған ақпарат туралы қоғамдық оң пікірді қалыптастыру және (немесе) шектеусіз адамдар тобын құқыққа қарсы әрекет жасауға немесе әрекетсіздікке итермелеу үшін көзқарас, фактілер, дәлелдер және өзге де, оның ішінде әдейі бұрмаланған ақпаратты тарату түсініледі.

2–1–бап. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің негізгі қағидаттары

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің негізгі қағидаттары:

- 1) объективтілік;
- 2) заңдылық;
- 3) анықтық;
- 4) адамның және азаматтың жеке өмірін, ар–намысын, қадір–қасиетін құрметтеу болып табылады.

18–бап. Ресми хабарлар

1. Ресми хабар ауызша немесе жазбаша нысанда, оның ішінде электрондық құжат түрінде таратылуы мүмкін.

Ресми хабарды ауызша тарату ақпарат иеленушінің басшысының немесе осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамының көпшілік алдында сөз сөйлеуі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Ресми хабарды жазбаша нысанда, оның ішінде электрондық құжат түрінде таратқан кезде, оған ақпарат иеленушінің басшысы немесе осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамы қол қоюға (электрондық құжат жағдайында – электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылуға) тиіс.

2. Ресми хабар бұқаралық ақпарат құралдарына олардың меншік нысанына және тиесілілігіне қарамастан, тең шарттарда беріледі.
3. Бұқаралық ақпарат құралының берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салуына ақпарат иеленуші сұрау салу тіркелген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жауап ұсынуға не оны ұсыну мерзімін немесе уәжді бас тартуды көрсете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жауап беруге міндетті.

Қосымша зерделеу мен тексеруді талап ететін, берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салуға қарау мерзімін ақпарат иеленушінің басшысы күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге бір мәрте ұзартуы мүмкін, ол туралы бұқаралық ақпарат құралына қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

4. Қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін ақпарат иеленушіге бұқаралық ақпарат құралынан берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі жазбаша сұрау салу келіп түскен жағдайда, осы сұрау салу екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті органдарға жіберіліп, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралына хабар берілуге тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жазбаша және (немесе) электрондық құжат түріндегі берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі сұрау салулары бас редактордың (редактордың), уәкілетті тұлғаның немесе аккредиттелген журналистің қолы қойылып жіберіледі және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

5. Жазбаша немесе электрондық құжат түріндегі берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі сұрау салуларға жауаптар өтініш келіп түскен тілде ұсынылады.

Берілген ресми хабарларды түсіндіру жөніндегі сұрау салуларға жауаптар, егер сұрау салудың өзінде өзгеше көрсетілмесе, келіп түскен сұрау салу нысанында ұсынылады.

6. Бұқаралық ақпарат құралының өкілі сұрау салынған мәліметтерді беруден бас тартуға жоғары тұрған органға, лауазымды адамға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

18–1–бап. Ресми хабарларға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салулар

1. Бұқаралық ақпарат құралы ақпарат иеленушіге ресми хабарға кірмейтін ақпаратты беру туралы сұрау салулармен жүгінуге құқылы.

Бұқаралық ақпарат құралының журналисі ақпарат иеленушіге телефон арқылы ауызша сұрау салумен жүгінген кезде өзін таныстыруға және әңгіменің аудиожазбасы жүргізілген жағдайда, ол туралы хабарлауға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жазбаша және (немесе) электрондық құжат түрінде берілген ақпаратты беру туралы сұрау салулары бас редактордың (редактордың), уәкілетті тұлғаның немесе аккредиттелген журналистің қолы қойылып жіберіледі және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Сұрау салуға жауап, егер сұрау салудың өзінде өзгеше көрсетілмесе, ол келіп түскен күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде, келіп түскен сұрау салу нысанында және тілінде ұсынылады.

Сұрау салынған ақпарат бірнеше ақпарат иеленушінің құзыретіне кіретін және жазбаша сұрау салуға жауап беру кезінде өзге ақпарат иеленушілерден ақпарат алу талап етілетін жағдайларда, қарау мерзімін ақпарат иеленушінің басшысы бір мәрте күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралына қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

2. Сұрау салу бойынша ақпарат беруден:

- 1) егер сұрау салудың мазмұны сұрау салу жіберілген ақпарат иеленушінің құзыретіне кірмесе;

2) егер сұрау салу осы Заңның талаптарына сәйкес келмейтін болса;

3) егер сұрау салынған ақпарат қолжетімділігі шектелген ақпаратқа жататын болса;

4) мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде жүргізілетін тексерулердің нәтижелері бойынша шешім қабылданғанға дейін;

5) ведомствоаралық және ведомствоішілік хат алмасу немесе мемлекеттік органдардағы кеңесулер негізінде әзірленетін түпкілікті шешім қабылданғанға дейін;

6) шет мемлекеттерден немесе халықаралық ұйымдардан келіп түскен құжаттарды ашу шарттары туралы өзара келісім қабылданғанға дейін бас тартылады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарының сұрау салуына жауап ұсынбағаны немесе уақтылы жауап ұсынбағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Бұқаралық ақпарат құралының өкілі сұрау салынған ақпаратты беруден бас тартуға мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды адамдардың азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне шағым жасау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

18–2–бап. Міндетті хабарлар

1. Белгілі бір аумақта халықтың тыныс–тіршілік ету жағдайлары бұзылған кезде тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органдары өз құзыреті шеңберінде және (немесе) жергілікті атқарушы органдар оқиға басталған кезден бастап үш сағаттан кешіктірмей, уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына ағымдағы ахуал туралы ресми хабарлар беруге міндетті.

Ресми хабарларды бермегені немесе уақтылы бермегені үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары өтеусіз негізде мыналарды:

1) заңды күшіне енген сот шешімін, егер онда осы сот процесі бойынша жауапкер болып табылатын бұқаралық ақпарат құралында жауапты немесе теріске шығаруды жариялау туралы талап қамтылатын болса;

2) «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5–бабына сәйкес төтенше жағдайды енгізу туралы ресми хабарларды;

3) «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47–бабында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми хабарларын;

4) «Терроризмге қарсы іс–қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15–бабының 2–тармағында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми хабарларын;

5) осы баптың 1–тармағында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми хабарларын жариялауға міндетті.

3. Міндетті хабарларды:

1) эфирге күн сайын шығатын теле–радио арналар – бір тәулік ішінде;

2) жарыққа (эфирге) шығу кезеңділігі немесе уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдары – осындай жарияланымдар үшін уәкілетті мемлекеттік органдар не сот белгілеген мерзімде жариялайды.

18–3–бап. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс–қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше)

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда, ведомстволарда, сондай–ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарда (Мемлекеттік күзет қызметін қоспағанда) мемлекеттік органның құзыретіне, сондай–ақ оның қызметіне жататын мәселелер бойынша ақпарат таратуды жүзеге асыратын, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс–қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға тағайындалады не уәкілетті бөлімше құрылады.

Дербес құрылымдық уәкілетті бөлімше және (немесе) штаттық лауазым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген штат саны лимиттерінің шегінде құрылады, сондай-ақ мемлекеттік органның бірінші басшысына тікелей бағынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, штат саны жиырма бес адамнан аз мемлекеттік органдарда осы баптың 2-тармағында белгіленген функциялар мемлекеттік орган қызметкерлерінің біріне негізгі функционалдық міндеттерінен босатылмай жүктеледі.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) негізгі функциялары мыналар:

1) ақпарат пайдаланушыларға мемлекеттік органның құзыретіне, сондай-ақ оның қызметіне жататын мәселелер бойынша анық және қажетті ақпаратты беру;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбаттар, түсіндірмелер, жарияланымдар әзірлеуге жәрдемдесу;

3) журналистерді және бұқаралық ақпарат құралдарының басқа да өкілдерін уақытша немесе тұрақты аккредиттеуден өткізу, сондай-ақ оларға мемлекеттік органның құзыретіне, сондай-ақ оның қызметіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты неғұрлым толық және кеңінен тарату үшін жәрдемдесу;

4) лауазымды адамдардың бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен баспасөз конференцияларын, брифингтерін, сұхбаттары мен кездесулерін ұйымдастыру;

5) интернет-ресурстың қызметін техникалық қамтамасыз ету, оны кешенді реконструкциялау, дизайнын жетілдіру, жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеу және енгізу;

6) ақпарат пайдаланушылардан келіп түсетін сұрау салуларға уақтылы жауаптар дайындау;

7) мемлекеттік органның және (немесе) оның бірінші басшысының интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру;

8) таратылуына Қазақстан Республикасының заңдарында немесе заңды күшіне енген сот актілерінде тыйым салынған немесе өзге де түрде шектеу қойылған ақпаратты қоспағанда, мемле-

кеттік органның құзыретіне, сондай-ақ оның қызметіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты барынша ашуға ықпал ететін өзге де функциялар болып табылады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті бөлімше өз қызметін арнаулы мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, уәкілетті орган бекіткен үлгілік ереженің негізінде әзірленген ереже негізінде жүзеге асырады.
4. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасайды.
5. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімшелердің қызметкерлері) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.
6. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) мемлекеттік орган жойылған (таратылған) немесе қайта ұйымдастырылған жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органның штат саны бойынша (штаттық кестесінен) қысқартылуға (алып тасталуға) жатпайды.

19-бап. Теріске шығару не жауап беру құқығы

1. Азамат немесе заңды тұлға бұқаралық ақпарат құралдарынан осы бұқаралық ақпарат құралында таратылған, шындыққа сәйкес келмейтін және ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды талап етуге құқылы. Мұндай құқыққа азаматтың немесе заңды тұлғаның өкілдері де ие болады.

Азамат немесе заңды тұлға теріске шығаруға өтініш жасаған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралында таратылған мәліметтердің шындыққа сәйкес келетіні жөнінде дәлелдемелері болмаған осы бұқаралық ақпарат құралының редакциясы оларды сол бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруға міндетті.

2. Теріске шығару туралы талап шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер, осы бұқаралық ақпарат құралында олардың таратылған уақыты мен тәсілі көрсетіле отырып, жазбаша ресімделуге тиіс.

Мерзімді баспасөз басылымдарында теріске шығару теріске шығарылатын хабар немесе материал орналастырылған жерде сол қаріппен жариялануға және «Теріске шығару» тақырыбымен орналастырылуға тиіс.

Радио және теледидар арқылы теріске шығару теріске шығарылатын хабар немесе материал сияқты сол тәулік уақытында және сол теле–радиобағдарламада, ал көрсетілген теле–радиобағдарлама жабылып қалған жағдайларда – оған сәйкес келетін тақырыптық бағыты бар өзге теле–радиобағдарламада берілуге тиіс.

Теріске шығару көлемі теріске шығарылатын хабардың немесе материалдың көлемінен екі және одан көп есе аспауға тиіс.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтарына немесе заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін өзіне қатысты мәліметтер жарияланған азаматтың немесе заңды тұлғаның сол бұқаралық ақпарат құралдарында өз жауабын тегін жариялауға құқығы бар.

Мерзімді баспасөз басылымдарында жауап теріске шығарылатын хабар немесе материал орналастырылған жерде сол қаріппен жариялануға және «Жауап» тақырыбымен орналастырылуға тиіс.

Радио және теледидар арқылы жауап теріске шығарылатын хабар немесе материал сияқты сол тәулік уақытында және сол теле–радио бағдарламада, ал көрсетілген теле–, радио бағдарлама жабылып қалған жағдайларда – оған сәйкес келетін тақырыптық бағыты бар өзге теле–радиобағдарламада берілуге тиіс.

Жауаптың көлемі теріске шығарылатын хабардың немесе материалдың көлемінен екі және одан көп есе аспауға тиіс.

Азаматтың немесе заңды тұлғаның не оның өкілінің жауабы:

жарыққа (эфирге) күн сайын шығатын бұқаралық ақпарат құралдарында – азаматтан немесе заңды тұлғадан не оның өкілінен алына-

тын жауапқа құқықты беру туралы талап алынған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде;

жарыққа (эфирге) шығу кезеңділігі не уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдарында – жуық арада жоспарланатын шығарылымда жарияланады немесе беріледі.

Бұқаралық ақпарат құралы жауапты жариялаудан, егер азаматтың немесе заңды тұлғаның не олардың өкілінің жауабында таратылуына Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған немесе жеке және (немесе) заңды тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін өзгеше түрде бұзатын ақпарат қамтылған жағдайда, бас тартуға құқылы.

4. Азаматтың немесе заңды тұлғаның бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы талабы, егер бұқаралық ақпарат құралы мұндай жарияланымнан бас тартқан не бір айдың ішінде теріс шығаруды немесе жауапты жарияламаған жағдайда, сондай-ақ осы бұқаралық ақпарат құралы таратылған жағдайда, сотта қаралады.

5. Заңды күшіне енген сот шешімін орындау үшін таратылатын теріске шығару не жауап:

1) жарыққа (эфирге) аптасына кемінде бір рет шығатын бұқаралық ақпарат құралдарында – егер өтініш беруші өзгеше белгілемесе, теріске шығару туралы талап алынған күннен бастап екі тәулік ішінде;

2) жарыққа (эфирге) шығару кезеңділігі не уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдарында – егер өтініш беруші өзгеше белгілемесе, жуық арада жоспарланатын шығарылымда жарияланады.

5. Заңды күшіне енген сот шешімін орындау үшін таратылатын теріске шығару не жауап:

1) жарыққа (эфирге) аптасына кемінде бір рет шығатын бұқаралық ақпарат құралдарында – егер өтініш беруші өзгеше белгілемесе, теріске шығару туралы талап алынған күннен бастап екі тәулік ішінде;

2) жарыққа (эфирге) шығару кезеңділігі не уақыты өзгеше бұқаралық ақпарат құралдарында – егер өтініш беруші өзгеше белгілемесе, жуық арада жоспарланатын шығарылымда жарияланады.

6. Ар–намысына, қадір–қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін өзіне қатысты мәліметтер таратылған азамат мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қатар олардың таратылуынан келтірілген залалдың және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Іскерлік беделіне нұқсан келтіретін өзіне қатысты мәліметтер таратылған заңды тұлға мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қатар олардың таратылуынан келтірілген залалдың орнын толтыруды Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен талап етуге құқылы.

5–тарау. Журналистің құқықтары мен міндеттері

20–бап. Журналистің құқықтары

Журналистің:

1) ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға;

2) мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылданғаннан басқа жағдайда өзін тіркеген орган өткізетін барлық шараларға қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбалар, соның ішінде оларды дыбыс–бейне техникасын, кино–фото түсіру құралдарын пайдалана отырып жасауға;

4) журналист куәлігін, айырым белгісін көрсету арқылы дүлей зілзалалар ауданында, бейбіт жиналыстарда, сондай–ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделерді білдірудің өзге де нысандары кезінде болуға;

5) құжаттар мен материалдардың мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар үзінділерін қоспағанда, олармен танысуға рұқсат алуға;

6) алынатын ақпараттың дұрыстығын тексеруге;

7) алынған ақпараттық материалдарды тексеру кезінде мандарға жүгінуге;

8) өзі дайындаған хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға;

9) материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сеніміне қайшы келсе, оған өз қолы қойылып жариялануынан бас тартуға;

10) авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуімен жарияланған жағдайларды қоспағанда, бұл құпияларды сақтауға құқығы бар.

21–бап. Журналистің міндеттері

Журналист:

1) Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа ала отырып, өзі шарттық қатынастарда тұрған бұқаралық ақпарат құралының қызмет бағдарламасын жүзеге асыруға;

1–2) таратылатын ақпараттың анықтығын тиісті жеке және (немесе) заңды тұлғаларға сұрау салулар жіберу арқылы не Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен тексеру жөніндегі шараларды қабылдауға;

2) шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға;

3) ақпарат ұсынған адамдардың авторлығын көрсету туралы олар жасаған өтініштерді қанағаттандыруға;

3–1) егер мәліметтер ресми хабарларда көрсетілген және (немесе) оларды жеке және (немесе) заңды тұлғаның өзі не олардың өкілдері қолжетімділігі шектелмеген дереккөздерде таратқан жағдайларды қоспағанда, жеке және (немесе) заңды тұлғадан не олардың өкілдерінен бұқаралық ақпарат құралында жеке басының, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды таратуға келісімін алуға;

4) жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6–тарау. Журналистерді аккредиттеу

22–бап. Журналистерді аккредиттеу

1. Бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратты иеленушілердің, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың келісімі бойынша олардың жанында өз журналистерін аккредиттей алады.
2. Журналист аккредиттелген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар оны өткізілетін отырыстар, кеңестер және өзге де шаралар жөнінде оған алдын ала хабарлауға, стенограммалармен, хаттамалармен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті.
3. Жабық шара өткізу туралы шешім қабылданған жағдайларды қоспағанда, аккредиттелген журналистің өзін аккредиттеген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар өткізетін отырыстарға, кеңестерге және басқа да шараларға қатысуға құқығы бар.
4. Егер журналист аккредиттеу ережелерін бұзса не өзін аккредиттеген мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратса, оның аккредиттелуі күшін жоюы мүмкін.



ТҮЙІН

Журналист – қауіпсіз мамандық емес. Бірақ бұл БАҚ қызметкерін әр қадамда қауіп–қатер күтеді дегенді білдірмейді. Тәжірибесіз, көргені аз журналистер қауіпті жағдайға көбірек тап болады. Әр қателіктен сабақ алған дұрыс. Бірақ мұндай қателіктердің салдары тым ауыр болмауы маңызды.

Мұны кім қадағалайды? Журналистің өзі және бас редактор. Журналист өзінің біліктілігін, әсіресе құқықтық сауаттылығын үнемі жетілдіріп отыруы керек. Егер редакцияда 15 жоғары білікті заңгер (бұл тек арман!) болса да бұл жеткіліксіз. Сіз әр журналистке адвокат, құтқарушы немесе дәрігер тағайындай алмайсыз.

Не істеу керек?

- Тренингтерге қатысу.
- Кітап оқу.

- Тәжірибелі әріптестермен кеңесу.
- Өзіңіздің және басқалардың қателіктерін қайталамау үшін мұқият талдаңыз.

Журналистердің бос уақыты өте аз. Бірақ күніне 15 минут уақыт табуға болады. Өз қауіпсіздігіңіз үшін бұл өте маңызды.

Мәдина Әлімханова

ЖУРНАЛИСТ ҚАУПСІЗДІГІ

ISBN 978-601-06-7975-7



Суреттер: Мирас Нұрмұханбетов

Басуға 22.10.2021 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₁₆. Көлемі 12 баспа табак.
Таралымы 300 экз. Тапсырыс 709.

«Полиграфсервис» ЖШС.
Алматы қаласы, Зеленая көшесі, 13 «А»